

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 155 (9473) | 1954 жылғы 6 август Жұма

Шығуына 35 жыл  
және саны 20 тыйым.

## КӘСІПОРЫНДАРЫН ҚЫСҚА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕЙІК

Партиямыз бен үкметіміз еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесін онан сайын жақсарту, олардың өнеркәсіп және азық-түлік товарларына деген өскелең қажетін барынша толық қанағаттандыру міндетін алаға қойып отыр. Бұл міндетті ойдағыдай орындауда социалистік өнеркәсіп орындарының атқаратын ролі орасан зор. Халықтың өскелең қажетін барынша толық өтеу мүддесі кәсіпорындарынан өнім шығаруды еселеп арттыруды, оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуді талап етеді.

Біздің кәсіпорындарымыздың жаздың қолайлы күндерінде ғана емес, қатаң қыс жағдайында да біркелкі өнімді жұмыс істеуге толық мүмкіншілігі бар. Ойткені, олар отын, шикізат, материалдар қорымен, отандық маңдай алды техникамен мол жабдықталған.

Кәсіпорындарымыздың өндіріс мүмкіншіліктері мен резервтерін толық пайдаланып, бүкіл жыл бойына өнімді жұмыс істеуге қамтамасыз етуде оларды қысқа барлық жағынан үлгілі әзірлеудің зор маңызы бар. Өрбір кәсіпорынның қыс жағдайында біркелкі жұмыс істеу, өнімді көп әрі сапалы, шығаруы ең алдымен оның қысқа қалай әзірленгеніне, ондағы өндіріс алаңының, жұмыс орнының қандай дәрежеде жабдықталғандығына, отынның, шикізаттың, материалдардың қаншалықты мол дайындалып алынғанына тікелей байланысты. Сондықтан кәсіпорындарымыздың басшылары қысқа әзірлік жұмыстарын осы күннен мықтап қолға алып, өндіріс құрал-жабдықтарын, өндіріс алаңдарын, жұмыс орындарын қысқа жұмысқа барлық жағынан үлгілі әзірлеуге тиіс.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары қыстың аязды, суық күндерінде жұмыс істеуге жыл сайын жақсы әзірленіп, өнімді көп және сапалы шығаруға жетісіп келеді. Мұндай кәсіпорындарымыздың қатарына вагон-жөндеу депосын қосауа болады. Бұл кәсіпорны қыс жағдайында жұмыс істеуге жақсы әзірленудің нәтижесінде бүкіл жыл бойына біркелкі өнім шығаруға, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге жетісуде. Мәселен, вагон-жөндеу депосы үстеміздері жылдың бірінші жартысында вагондарды күрделі жөндеудің жоспарын 113 процент орындаты. Өндіріске озып алғанды

кәсіпшілік советінің басшылары өндіріс комбинаттары мен кәсіпшілік артельдерін қыс жағдайында өнімді жұмыс істеп, олардың өндірістік жоспарды өнімнің түр-түрі бойынша толық орындауын қамтамасыз ету жөнінде ешбір шаралар белгілемей отыр. Соның салдарынан комбинаттар мен артельдердің көпшілігіне қысқа әзірлік жұмыстары күні осы уақытқа дейін шынша қолға алынбай келеді.

Үздік-создық жұмыс істеп, өнім шығару жоспарын орындай алмай келе жатқан артельдердің қатарына қаладағы «Пищевик», «Строитель», Киров атындағы кәсіпшілік артельдері жатады. Бұл артельдерде қысқа үлгілі әзірленуді, бұл маусымға қажетті шикізаттар мен материалдарды, отынды жеткілікті дайындап алуды, өндіріс қуатын толық пайдалануды қамын ойластырып отырған ешкім жоқ. Ал, шынша бұл артельдерде отын мен материалдар, шикізаттар жеткіліксіз, өндіріс алаңдары мен құрал-жабдықтары көп жөндеу жұмыстарын қажет етеді.

Қысты күні темір жол транспортында жұмыс істеудің қиындай түсетіні белгілі. Мұнда вагондар мен локомотивтердің айналымын тездетіп, халықшаруашылық жүгінің тез және көп тасылуын қыс жағдайында жұмыс істеуге барлық жағынан үлгілі әзірленген де ғана қамтамасыз етуге болады. Ама! не, Петропавл темір жол бөлімшесінде қысқа әзірлік жұмыстары әлі күнге ойдағыдай жүргізілмей отыр. Петропавл паровоз депосында бірқатар өндіріс алаңдары мен цехтар жөндеуді және жылытуды қажет етеді. Солай бола тұрса да бұл жұмыстар депода өте баяу жүргізіліп келеді. Сол сыяқты, мұнда заңас бөлшектерді дайындау ісі де кенже қалуда. Петропавл станциясында қыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеп, жүктің тоқтаусыз жөнделуін қамтамасыз ету жөнінде осы күнге дейін мардымды ешнәрсе істелген жоқ. Станцияда товар қоймаларының жөндеуі нашар, жұмыс үйлері мен жолды байқап, күтушілердің орындары үшін қыстық отын дайындау ісі қолға да алынбаған.

Петропавл темір жол бөлімшесінде жолды қысты күні қар басудан сақтау жөнінде де мардымды жұмыс істелмегенін атап айту қажет. Қыстың түсуіне оша көп уақыт қалған жоқ. Олай болса Петропавл темір жол бөлімшесінің басшылары қысқа әзірлік сыяқты ең маңызды жұ-

## Астық — ел ырысы, халық байлығы

### Жаңа астық жыйнала бастады

Петропавл ауданы, Киров атындағы колхоздың егін быйыл жылдағыдан да баік шықты. Колхоз егіншілері бұл астықты жыйнау жұмысына күнілгері мұқият әзірленеді. Егінге орақ салатын мерзім де жетті. Комбайншы Атков агрегатын колхоздың егіс даласына алып шығып, жайқалған алтын астықты ора бастады. Тракторшы Фрик агрегатты тоқтаусыз бірқалыпмен жүргізіп келеді. Штурвалда отырған Атков, оның көмекшісі Челкунова комбайнның моторын, қозғалыстағы механизмдерін, хедерін ерекше қадағалап, алғашқы күннен бастап істің өнімді болуына баса назар аударуда. Сабан шөмелеуден Вильгельм де осы күні ерекше еңбек етті. Орылған күздік қара бидайдан дән сауылдап бұзбалғаға құйылса, одан шыққан сабан будақтан шөмеледегішке түсіп жатты. Ол рычагін басып қалғанда жыйналған сабан тау-тау болып рет-ретімен үйіліп қалып отырады.

Бірінші күннің еңбегі өз нәтижесін көрсетті. Атков жолдасының «Сталинец-6» комбайны бір сменада 19 гектар жердің бидайын орып, одан 217 центнер астық бастырылды.

Колхоз қырманында ақызу еңбек, үлкен іс басталды. Бастырылған астықтың бір дән де жерге төгілмей, колхоздың жең жасалған таза қырманына түгел жеткізілді. Әкелінген жаңа астықты қырман бастыры Жәмпейсов жолдас түгел қабылдап алды да, дереу оны тазарту және кештіру жұмыстарын ұйымдастырды. Астық тазалауда жұмыс істейтін М. Зенченко, Н. Резвеченко және М. Вильгельм жолдасстар алғашқы күні сменасында 60 центнер орнына 65-70 центнерден бидай тазалап, өнімді еңбектің үлгісін көрсетті. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде колхоз егіншілері бірінші күннің өзінде ғана 193 центнер жаңа астықты қабылау пунктіне жөнелтті.

Осы сыяқты Ворошилов атындағы колхозда да егін ору науқаны қызу жүргізілуде. Комбайншы Приязнов жолдас «Сталинец-6» комбайнымен алғашқы бір жарым сменада 26 гектар жердің қара бидайын орып, оның әр гектарынан 11 центнерден өнім алды. Бұл колхоз жаңа егіннен мемлекетке 300 пұт астық тапсырды. Ал, «Луч Ленина» колхозында МТС-тің 6

АСТЫҚ—ЕЛ ЫРЫСЫ, ХАЛЫҚ БАЙЛЫҒЫ: Т. Көдіров.—Егін жыйнау әзірліксіз басталды. Ш. Қабықенов.— Жаңа астық жыйнала бастады. (1-бет).

ҮҮТШІЛЕР МЕН НАСИХАТШЫЛАРҒА КӨМЕК: Е. Ларкина.—Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас достығы—советтік қоғамның негізі (2-бет).

А. Голозубов.—Еңбек өнімділігін арттыра беру—табыс кешілі (2-бет).

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МОЛ ТАБЫСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚҚА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ: М. Цаплюк.—Бұзау өсірудегі тәжірибеміз. Б. Жақыпов.—Мал үшін мол азық, жайлы қора әзірленуде (3-бет).

Қ. Болатов.—Жас бөбектер қамқорлыққа бөленуде (3-бет).

А. Қазтаев.—Комсомолецтер көмегі (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: Б. Дәуренов.—Кітап саудасы ұйымдастырылмай отыр. М. Зағыпаров.—Мәдениет мәселесімен шұғылданау уақыт жеткен жоқ па? (3-бет).

С. Телегенов.—Еңбекшілер арасындағы мәдени-ағарту жұмысын жақсарту береміз (3-бет).

Өскемен қаласы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

### Егін жыйнау әзірліксіз басталды

Куйбышев атындағы колхозда жұмыс істейтін Приешім МТС-нің № 16 трактор бригадасының бригадирі Нетесов жолдас МТС-тің бас агрономы Боев жолдасының кабинетіне қатты ренішті реңмен кірді. Кабинетте отырғандарға салқын ғана амандасты да:

—Митрофан Дмитриевич, біздің бригаданы бекітіліп берілген егін участоктерінде 102 гектар күздік қара бидай пісіп тұр. Енді екі-үш күннен кейін ерте егілген 200 гектар жаздық бидай оғуға келеді. Міне, осы егінді уақытымен жыйнап алу керек пе, жоқ па?—деді Боев жолдасқа.

Боев жазып отырған қағазынан бас көтермеген кәліңде: төмеш түсіп кеткен көзінегінен асыра Нетесовке сүзіле бір қарап қойды да:

—Міндетті түрде ору керек, Нетесов жолдас,—деді жайлап қана.

—Немен орамыз,—деді бригадир ашына сөйлеп,—бригаданың қамтуына бекітілген екі «Сталинец-6», бір өздігінен жүретін комбайнның бірде-біреуі жөнделіп болмаған.

—Даурықпаңыз, бұл мәселе кейін шешіледі. Мені облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы шақырып жатыр. Кәзір соған баруға дайындалып отырмын,—деп маңыздана қалған агроном бригадирдің сөзіне бұдан әрі күлақ аспайтынын аңғартты...

Тек Куйбышев атындағы колхозда ғана емес, Приешім МТС-нің қамтуындағы барлық колхоздарда да егін пісіп тұр. Бірақ, ол колхоздардың көпшілігі егін жыйнауға шын мәнінде кіріскен жоқ. Ойткені, МТС пен колхоз басшылары бұл жұмысқа әзірлікті бетімен жіберген. Алдымен МТС директоры Нечипоренко, бас инженері Вайнштейн, бас агрономы Боев жолдасстар егін жыйнауға комбайн пардын толық әзірлеуді қамтамасыз етпеген. МТС мастерскойы жанында әлі күнге дейін толық жөнделіп болмаған 21 комбайн тұр. МТС басшылары бұл комбайндарды тез жөндегіп, колхоздарға жөнелтуді ұйымдастыруға әлі де асығатын қолданбайды. Ол ол ма, тазарту жұмысы

сол бастырылған алтын дән ашық далаға үйілуде. Колхозда астық тазартатын бір ғана вейлақа жұмысқа қосылған. Соның өзінде де оны жұмысқа өнімді пайдалануды ұйымдастырып жүрген ешкім жоқ. Сондықтан бастырылған астық осы уақытқа дейін тазартылмастан және кептірілместен қырманда үйіліп жатыр.

Астықты тазарту, кептіру және дайындау пункттеріне дереу жөнелту жөнінде МТС басшылары да ешқандай шараларды жүзеге асырмай келеді. Тіпті, Нечипоренко, Боев жолдасстар МТС-тегі «ВИМ» машиналарын егін ору басталған колхоздарға жіберуді ескермеген.

Жағдай Каганович атындағы колхозда да нашар. Бұл колхозда тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен егін шауып жүрген комбайншы Бондаренко жолдас бункерден астық алатын көліктердің келуін күтіп, кейде 1-2 сағатқа дейін тоқтап тұрады. Оның комбайннан астық алу ісін жақсарту жөніндегі талабын колхоз председатели Артемьев жолдас қанағаттандыра емес.

Жалғыз Приешім МТС-нің қамтуындағы колхоздарда ғана емес, егін жыйнауға әзірлік және егін оруды бастау жұмысы Приешім ауданындағы басқа МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда да нашар ұйымдастырылған. Ленин атындағы МТС-те 19 комбайн, Тимирязев атындағы МТС-те 10 комбайн толық жөнделмей МТС орталығында әлі тұр. Аудан колхоздарында жөндеуге тиісті 79 жабық қырманның 22-сі ғана жөнделген. Жаңадан 129 қырман салу керек болса, олардың 14-і ғана салынып біткен. Сол сыяқты, астық қоймаларын, кептіргіштерді, вейлақа, сортировка, триер сыяқты астық тазартқыш құралдарды жөндеу жарым-жартылай да орындалмаған. Бірқатар колхоздар егін жыйнау жұмысында істейтін колхозшылардың нақтылы міндеттерін белгілемек ылай тұрсын, оларды керекті құрал-саймандармен де жабдықтамаған. Егіншілерді дала қостарымен ыстық тамақпен қамтамасыз етпеген.

Колхоздардағы бастауыш партия ұйымдары егіншілерді мәдени-тұрмыс жағы-

### Жабық қырмандар мен астық қоймаларын салу тездетілсін

Егін орағы басталды. Облыс колхоздарының көпшілігі дерлік қара бидайды шабуға кірісіп, алғашқы астықты мемлекет қоймаларына өткізе бастағандығы туралы қуанышты хабарлар колхоздардан келіп жатыр. Міндет—жаңа астықты деркезінде ырапсыз жыйнап, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық тапсыру жоспарын орындау болып табылады. Ол үшін колхоздар мен совхоздарға қаладағы көп орындары көмектесуге тиіс, атап айтқанда жабық қырмандар мен астық қоймаларын салуды тез аяқтап, оларды колхоздардың пайдалануына кешіктірмей беру—кәсіпорындары басшыларының міндеті болып табылады.

Жаңа егіннің астығын жыйнауы тездетіп, оны ырапқа ұшыратпау мақсатымен ҚКП облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті қаладағы кәсіпорындарының басшыларын колхоздар үшін 103 жабық қырман, 112 астық қоймаларын салып бітіруге міндеттеген болатын. Бұл қауданы мүлтіксіз жүзеге асыру үшін кәсіпорындары мен мекеме басшыларының көңесі өткізіліп, онда жабық қырмандар мен астық қоймаларын салуға байланысты шаралар белгіленген еді.

Жабық қырман және астық қоймаларын салуды бірінші болып қолға алған кәсіпорындарының қатарына вагон участогі мен вагон-жөндеу депосының коллективтері жатады. Олар 3 мың тонна астық сияқты астық қоймасын салып бітіруге жуық. Оның еденіне цемент төселген және астық тиелген машиналар келіп тоқтайтын 4 қақпасы бар.

Былғары зауытының коллективі Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозына 600 тонна астық сияқты жабық қырман салып берді. Кәзір завод жұмысшылары осы колхозда астық қоймасының құрылысын салу жұмысын қолға алды.

Сол сыяқты, темір жол техникалық мектебінің курсанттарының күшімен Калинин атындағы колхозда екі жабық қы-



еңінен қолданудың арқасында аталған ісінде мұнда еңбек өнімділігі жоспарда көрсетілгендегіден 13 процент арттырылды. Өткен жылдардың үлгісімен бұл озат кәсіпорны қыс жағдайында жұмыс істеуге бйылы да үлгілі әзірленуде.

Бірақ, облыстың барлық кәсіпорындарының қысқа әзірлігі бұл дәрежеде болмай отыр. Қаладағы № 1 кірпіш заводы өткен жылы қыс жағдайында жұмыс істеуге нашар әзірленді. Қыс түскенге дейін мұнда өндіріс алаңдары мен құрал-жабдықтар толық жабдықталып бітпеді, материалдар мен шикізаттар, сондай-ақ, отын қоры қажетті мөлшерде дайындалып алынбады. Осының салдарынан ол қысты күні құрылыс материалдарын жоспардан көп кем өндірді. Ал, бұл кәсіпорнының басшылары (директоры Қохлов жолдас) өткен жылдың осындай кемшіліктерінен бйылы тиісті қорытынды шығарып отыр ма? Жоқ. Завод басшылары кәсіпорнының бүкіл жыл бойына тоқтаусыз және өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде осы күнге дейін тиісті шаралар белгілеген жоқ. Олар қыс жағдайында жұмыс істеуіне завод үшін қыйындыққа түсіп жүргеніне қарамастан, өндіріс құрал-жабдықтарын, жұмыс орындарын қысқа әзірлеу, отын мен материалдарды керегінше дайындап алуы әлі күнге дейін қолға алмай отыр.

Қысқа әзірлік жұмыстары жергілікті және кооперативтік кәсіпорындарында да мүлде қанағаттанғысыз жүргізілуде. Өткен жылы облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесі мен облыстық кәсіпшілік советіне қарасты комбинаттар мен артындардың көпшілігі нашар әзірлік салдарынан қысты күні көпшілік тұтынатын қысқа әзірлеу, сондай-ақ ұй шаруашылығына қажетті бұйымдарды айылына аз шығарып, бұл жөнінде еңбекшілер алдында үлкен борышқа батқан еді. Алайда, облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесі мен облыстық

мыстағы орын алып отырған кемшіліктерді тез жойып, қысты үлгілі әзірлікпен қарсы алудың тиісті шараларын белгілеуге міндетті.

Кәсіпорындарының қысты күні біркелкі жақсы жұмыс істеуі олардың электр қуатымен жеткілікті қамтамасыз етілуіне де байланысты. Атап айту керек, Петропавл жылу-электр орталығы қысты күні қала кәсіпорындарын электр қуатымен нашар қамтамасыз етіп келеді. Жылу-электр орталығының басшылары мұндай кемшілікті алдағы қыста болдырмау үшін қысты күні электр қуатын беруге жақсы әзірленуге жетісулері керек.

Кәсіпорындарын қысқа әзірлеу — олардың біркелкі өнімді жұмыс істеуінің кепілі. Сондықтан кәсіпорындарының басшылары, жергілікті партия, кәсіподақ ұйымдары қысты күні әрбір цехтың, әрбір участканың, бригаданың және әрбір жұмысшының дүемі өнімді жұмыс істеуіне қажетті барлық жағдайды осы күннен жасауға тиіс. Әресе, өндіріс алаңдары мен құрал-жабдықтарын қысқа үлгілі әзірлеу керек, отынды, материалдарды, шикізатты қысқа жеткілікті мөлшерде дайындап алу қажет.

Кәсіпорындарының басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары жұмысшыларды тұрғын үйлермен оларды, әресе қысты күні ашық алаңда жұмыс істейтін жұмысшыларды жылы киіммен және басқа да тұрмыс қажеттерімен қамтамасыз ету жөнінде осы күннен нақтылы шаралар белгілеп, жүзеге асырулары керек.

Қысқа әзірлік — кәсіпорындары жұмысшыларының бүгінгі таңдағы аса маңызды міндеттерінің бірі. Қысты күні жұмыс істеуге мезгілінде және үлгілі әзірлену өнеркәсіп орындарының біркелкі өнімді жұмыс істеп, олардың өндірістік жоспарды ойдағыдай орындауын қамтамасыз етеді.

жыйнап жүр. Көзір қолхоз қырманында 500 центнер жана астық тазартылып жатыр.

Рас, ауданның жоғарыда аталғандар сияқты алдыңғы қатарлы қолхоздарында егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру зор ұйымшылдықпен басталды. Бірақ, бұдан ауданның барлық қолхоздарында бірдей жағдай осындай деген ұғым тұмайды. Ауданның көпшілік қолхоздарында егін жыйнау жұмыстары кешеуілдетіліп отыр.

Петропавл егіншілерінің бүгінгі таңдағы ең басты міндеті — егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының қарқынын мейлінше күшейту болып табылады.

**Ш. ҚАБІКЕНОВ.**

**Ұйымшылдық**

Мамлют совхозының № 1 фермасының комбайншылары жана өгінді жыйнауға совхозда бірінші болып кірісті. Комбайншы коммунист П. Шилкин жолдас өзінің жүретін «С-4» комбайнымен алғашқы толық емес екі жұмыс күні ішінде 21 гектар, комбайншы Е. Хрущев жолдас «Сталинец-6» комбайнымен бір күнде 20 гектар бидайық шапты.

Бидайық шабуды № 2 ферманың комбайншылары Лукьянов, Фитерер жолдас-тар да бастады.

Комбайн бункерінен бидайық дәнін алуда Бектеміров, Яцкур жолдас-тар үлгілі еңбек етіп жүр. Олар бункердегі дәнді арбаға комбайн жүріп бара жатқанда тиейді. Бункерден алынған дәнді қырманға тез жеткізіп отырады.

Астық тазартушылар қырманға әкелінген дәнді тазарту, кештіру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде. Совхоз егіншілері таяудағы күндер ішінде күздік қара бидайды жыйнауға кіріседі.

**Ғ. ШӘРІПОВ.**

комбайншы да кешіреулері құрастырылмастан МТС орталығында үлгілі жатыр. Көптеген трактор бригадалары комбайндардың МТС-тен қолхоздарға жіберілуінен пісіп тұрған өгінді жыйнауға кірісе алмай келеді. Ал, олардың комбайндарды қолхозға жөнелту жөніндегі заңды талаптарына МТС басшылары тіпті құлақ аспайды.

Қолхоздарда егін жыйнап жүрген комбайндардың қуатын толық пайдалануға жағдай жасалмаған. Мәселен, комбайншы П. Филь жолдас Куйбышев атындағы қолхозда алғашқы күні 20 гектар күздік қара бидай жыйнады. Соның өзінде бункерден астық алуға көліктің өте аз бөлінуі себепті жұмыс уақытының көбін астық алатын көліктерді күтіп босқа тұрумен өткізді. Бұл қолхозда 2 жүк автомашинасы бар. Сол сияқты, еліміздің басқа облыстарынан Приешім МТС-і 38 автомашина алды. Не пайда, осы машиналар комбайн агрегаттарын қамтуға пайдаланылмай отыр.

Куйбышев атындағы қолхозда көзір 200 гектар күздік және сұлы орылып, 1500 центнер астық бастырылды. Не дайда, қолхоз председатели Сорокин жолдас-тың жабық қырмандарды әзірлеу жұмысына жауапсыз қарауы салдарынан

**Егін жыйнауға кірісті**

«Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозының қолхозшылары мен осы қолхозды қамтыттын Петропавл МТС-нің механизаторлары егін жыйнауға барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, күздік бидайды оруды ұйымдасқан түрде бастады.

Қолхозшылар өткен күзде 250 гектар қара бидай еккен болатын. Қыста күздікке қар қалып тоқтатылды. Мұның өзі ылғалдың мол болуына және өгістің үсіп кетпеуіне, сөйтіп, жақсы өнім-өсуіне

тәжірибелерін насихаттау жөніндегі партиялық-ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмысын өз дәрежесінде жүргізбей келеді.

Аудан басшылары МТС-тер мен қолхоздарда егін жыйнауға, әзірлік және егін жыйнауды бастау жұмыстарының тезгісіз нашар жүргізіліп отырғанын жақсы біледі. Бірақ, амал не, олар бұл жұмыстардағы кемшіліктерді дереу жоюды МТС, қолхоз басшыларынан қатаң талап етпей отыр.

Егін жыйнау мен астық дайындауды өткізу кезеңі — бүкіл ауылшаруашылық жұмыстарындағы қорытынды және шешуші кезең. Бұл жұмыстар ырғалып-жырғалушылықты көтермейді. Сондықтан, Приешім ауданының партия, совет ұйымдары мен МТС, қолхоз басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары орын алып келген кемшіліктерді іс үстінде тез жоя отырып, егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарына барлық күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалануға міндетті. Машина-трактор станциялары қолхоздарда егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының шын мәніндегі ұйымдастырушылары болуға тиіс.

**Т. КӘДІРОВ,**

**БОГОЛЮБОВО. (Арнаулы тілшіміз).**

мұнымен қатар тағы бір жабық қырманның құрылысы басталып, екінші мал қорасы салынып жатыр. Никулин жолдас бастық болып істейтін байланыс қызметінің екінші дистанциясының қызметкерлері Полудень ауданының Тельман атындағы ауылшаруашылық артелинде 5 жабық қырманды қалпына келтіріп, жанадан сапды. Петропавл паровозшылары Полудень ауданының Буденный атындағы қолхозына 2 жабық қырман салып беріп, көзір астық қоймасының құрылысына кірісті. Нан комбинатының жұмысшылары 250 тонна астық сыятын қойма құрылысын ойдағыдай аяқтап, көзір жабық қырман салуда.

Алайда, жабық қырман-дар салу құрылысы ойдағыдай деп айтуға болмайды. Көптеген кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары жабық қырман-дар мен қоймалар салу жөніндегі облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің тапсырысын орындауда немқұрайлықты көрсетіп отыр. Ондай кәсіпорындары мен мекемелердің қатарына Петропавл станциясы, №1 кірпіш заводы, облыстық мал дайындау мекемесі және облыстық заготзерно, тағы басқа кәсіпорындары жатады. Бұл кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары өздерін міндеттендірілген қаулыны орындаудан бас тарту үшін неше түрлі сылтаулар іздемеңші болады. Міне, осындай басшылардың бірі темемі фабрикасының директоры Журавлев жолдас.

Жоғарыда көрсетілген кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары өздеріне тапсырылған қырман-дар және астық қоймаларын салу жұмысына мән бермеуді қойып, қолхоздарға нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

**ЛЕСНЯК,**

**А. ГОЛОЗУБОВ.**


**РСФСР-дің еңбек сіңірген искусство қайраткері Н. П. Крымовты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы  
Туранына 70 жыл толуына байланысты, бейнелеу искусствосы саласында сіңірген еңбектер үшін РСФСР-дің еңбек сіңірген искусство қайраткері Николай Петрович Крымов Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**  
Москва, Кремль  
3 август, 1954 жыл.

**300 МАШИНИСТ МАУСЫМДЫ НОРМАСЫН ОРЫНДАДЫ**

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Көксарай МТС-індегі шөп машиналарының машинистері маусымдық норманы орындады. Түркістан ауданының Пушкин атындағы қолхозында істейтін өзінің жүретін агрегаттың машинисі Алдабергенов 2.100 гектар жердің шөбін шапты. Калинин атындағы және «Қызылту» ауылшаруашылық артельдерінде өзінің жүретін шөп машиналарының машинистері Муминов пен Қасымбеков тапсырманы бір жарым есе асыра орындады.

Облыста тракторға тіркелетін және өзінің жүретін шөп машиналарының 300 ден аса машинисі маусымдық норманы асыра орындады.



МОСКВА. 1 август, 1954 жыл. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуы. Суретті түсірген А. Баталов. (СОТА-ның фотохроникасы).



Үгітшілер мен насихатшыларға көмек

Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас достығы — советтік қоғамның негізі

Жұмысшы табы мен шаруалар одағы және оның капитализмді құлату, социализмнің жеңісі жолындағы күрестегі ролі туралы мәселе пролетариат диктатурасы, оның жеңіске жетуі және нығаюы жөніндегі мәселемен тікелей байланысты.

Маркс пен Энгельс жұмысшы табының партиясы егер саяси өкметті қолына алғысы келсе, деревняда ықпал табуға тиіс, деп үйретті.

Капитализм тұсында жұмысшылар табы мен шаруалар бұқарасының одағы бір экономикалық негізде: жұмысшылар да, шаруалар да сол капиталдың қанауында болады.

Бірақ, Маркс пен Энгельстің бұл идеясын II Интернационалдың оппортунистері Ауралап, оны жоққа шығармақ болды. Батысевропалық ревизионистер, сондай-ақ, меньшевиктер мен троцкийшілер шаруалар өзінің жаратылысы бейыппа пролетариатқа қас, оны социализм құрылысына қатыстыру мүмкін емес дегенді айтып, сандырақтады. Ал, оппортунистердің тарапынан шаруаларға осылай қараушылық олардың пролетариат диктатурасына сенбеуін, революциядан қорқатынын білдірді.

Жұмысшы табының данышпан көсемі және теоретигі В. И. Ленин Маркс пен Энгельстің идеясын қалпына келтіріп қала қоймай, оны одан әрі дамытты. Ленин социалистік революцияның жаңа, аяқталған теориясын жасады. Ол пролетариаттың басшылық ролін сақтаған уақытында жұмысшылар мен шаруалардың одағы — революция жеңісінің ең қажетті шарты деп санады.

В. И. Лениннің қызметі империализм дәуірі кезінде, пролетарлық революция күн төртбіне қойылған кезде басталды. Бұл жағдайда революцияның қозғаушы күштері — жұмысшы табының одағы туралы мәселелерді жаңа жағдайға сәйкес шешу қажет еді. Бұл мәселелерді шешудің барлық елдердегі революцияның дағдыры үшін зор маңызы болды.

Маркс пен Энгельстің жұмысшы табы мен шаруалар одағы туралы жалпы нұсқауына сүйене отырып, Ленин пролетариат пен оның партиясының алдына шаруаларды буржуазияның резервінен (Батыста шаруалар буржуазияның резерві болған) пролетариаттың резервіне айналдыру және оның орыс демократиялық революциясында, мұнан кейін социалистік революция жолындағы күресте одақтасына айналдыру міндетін қойды. Ленин жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы идеяны бірінші рет 1894 жылғы «Халық достары» деген кімдер, және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінде ұсынды. Бұл

ның жеңілуінің басты себептерінің бірі, міне, осында болды.

Екі революцияның аралығындағы кезеңде шаруаларды буржуазияның (кадеттердің) идеялық ықпалынан босату үшін күрес жүргізілді. Бұл күрес 4 Думада және Думадан тыс жүргізілді. Шаруалар кадеттердің қолынан жерде, бостандыққа ала алмайтынын, кадеттер патшаны, ал, патша кадеттерді қолдайтынын тәжірибеден айқын көрді. Шаруалардың бірден-бір үміт күтетін күші — қала жұмысшылары болды. Империалистік соғыс жылдарына шаруалар кадеттерден кетіп болды. Жұмысшылар мен шаруалардың одағы пролетариаттың басшылық ролімен осылай қалыптасты. Мұның өзі Февраль революциясының жеңісін қамтамасыз етті.

Октябрь революциясына әзірлік кезінде партия бұрынғыдай пролетариат пен барлық шаруалардың мақсаттарының жалпы бірігіне емес, 1917 жылдың февралынан кейін кедейлер мен кулақтардың арасындағы күрестің фактілеріне, деревнядағы элеуметтік ыдырау фактілеріне қарауға тиіс болды.

Осыған байланысты партия шаруалар мәселесі жөнінде жаңа ұран — аса кедей шаруалармен бірігіп, орта шаруаларды бейтарап етіп, қала мен деревнядағы капитализмге қарсы шығып, пролетариат диктатурасы үшін күресейік деген ұран тастады. Бұл — партияның шаруалар мәселесі жөніндегі екінші стратегиялық ұраны болды. Осы ұран бойынша партия пролетариат диктатурасын жеңіп алу үшін революциялық саяси армияны қалыптастырды.

Бұл кезде партия орта шаруалардың тұрақсыздығын еске алды. Партия орта шаруалардың пролетариат жауларының жағына шығармау, бейтарап қалдыру міндетін қойды.

Коммунистік партия халық бұқарасын пролетариат төңірегіне топтастырып, олардың капитализмге шабуыл жасауын ұйымдастыра білді. Жұмысшылар мен шаруалардың одағы пролетариаттың басшылық ролімен помещиктер мен капиталистердің қарсылығын жоюда шешуші күш болып табылып, Ұлы Октябрь социалистік революциясының, пролетариат диктатурасының жеңісін қамтамасыз етті.

Совет өкметінің орнауы жұмысшылар мен шаруалардың одағын дамытуда жаңа дәуір ашты. Советтер арқылы бұл одақ ұйымдық және саяси жағынан қалыптасып, нығайды.

Меньшевиктер мен эсерлер, халықтың барлық жаулары шаруалар совет өкметінің

дарды) өрістетіп, саяси тіректерін (Советтерді, кедейлер комитеттерін) нығайтып отырды. Осының арқасында жұмысшы табы деревняда өзінің саяси және экономикалық ықпалын күшейтті.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың мақсаты капитализмді жоюды және социализмді құруды талап етті. Партия пролетариат шаруалармен одақтаса отырып, буржуазияны экономикалық жағынан бағып отырып, социалистік қоғам орнатады деп есептеді.

Партияның даналық саясатына троцкийшілер мен бухариншілер қарсы шықты. Индустрияландыруға және ауыл шаруашылығын коллективтендіруге қарсы күрес жариялап, троцкийшілер индустрияландыруды шаруаларды ыдырату есебінен, оларды қанау және пролетарландыру жолымен жүргізуді ұсынды. Бұл ауылдық саясат жұмысшылар мен шаруаларды бөлу, олардың одағын жою, пролетариат диктатурасын жою мақсатына бағытталды. Бірақ, олардың ауылдық саясаты жүзеге аспады.

Осы сыяқты партия жұмысшы табының шаруалардың негізгі бұқарасымен одақ жасауына бөгет болып, кулақтармен контрреволюциялық одақ жасауға тырысқан оңшыл капитулянттарға күйреге соққы берді. Партия троцкийшілер мен бухариншілерді кезінде әшкерелеп, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын сақтап қалды, елімізді индустрияландыруды және ауыл шаруашылығын коллективтендіруді ойдағыдай жүзеге асырды.

Елімізде социализмнің жеңуі нәтижесінде саяси-моральдік бірлік, халықтар достығы, советтік патриотизм сыяқты советтік қоғамның қозғаушы күштері дамып, нығайды. Бұл қозғаушы күштер жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағына сүйенеді.

Ұлы Отан соғысы жұмысшылар мен шаруалар одағының күшіне қатаң сын болды. Совет Одағына шабуыл жасап, неміс фашистері жұмысшылар мен шаруалардың одағын жоюға тырысты. Бірақ, соғыстың барысы жаулардың есептен жаңылғанын айқын көрсетті. Соғыстың ауыр жылдарында жұмысшы табы, колхозшы шаруалар және интеллигенция асқан патриоттықты, жоғары саналылықты және өз Отанына берілгендікті білдіріп, жауға қарсы күресте тамаша үлгі көрсетті.

Жұмысшы табы мен шаруалардың одағы, достығы, біздің еліміздің барлық халықтарының достығы сыяқты Отан соғысы жылдарында мыңдалып, нығайды. Отан соғысының нәтижесі жұмысшылар мен шаруалардың одағы мен достығы бар

Ауыл шаруашылығында техника үнемі пайдаланылмады, еңбекті көп тілейтін жұмыстар жеткілікті дәрежеде механикаландырылмады. Озат ғылым мен техниканың жаңалықтары, өндіріс озаттарының тәжірибелері өндіріске кеңінен енгізілмеді. Колхоз, совхоздарға және МТС-терге басшылық қанағаттанғымыз болды, оларда еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылды. Мұның бәрі ауыл шаруашылығын өркендетуге едәуір бөгет жасады. Осы аталған кемшіліктер жұмысшылар мен шаруалар одағының нығаюына әсерін тигізбеді, кейбір кейін қалған колхоздарды колхозшылардың жекеменшік шаруашылығының қысқаруына әкеліп соқты.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, сөйтіп, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің өркендеуін қамтамасыз ету сыяқты партияның саясаты жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағын одан сайын нығайта түседі. Партия қала мен деревня арасындағы өндірістік байланысты оған әрі нығайту шараларын да жүзеге асыруда.

Қала мен деревня арасындағы өндіріс бірлігінің негізгі түрі МТС болып табылады. МТС өзі ұйымдасқаннан бергі 25 жылдың ішінде үлкен күшке айналды. Көзір ол колхоз құрылысының қуатты индустриялық-техникалық базасына айналды, социалистік мемлекетіміздің колхоздарға басшылығындағы сенімді тірегі болып отыр.

Көзіргі уақытта МТС — колхоз өндірісіндегі негізгі күш. Елімізде бұл күндері 9 мыңнан астам МТС-тер бар. Машина-трактор паркінде миллионнан астам трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 300 мыңға жуық комбайн, жүз мыңдаған жүк машиналары және басқа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді.

МТС-тің тұрақты маман механизатор кадрларымен толықтырылуы техниканы үнемі пайдалануға, село жұмысшы табының қатарын молайтып, олардың жетекшілік ролі мен ұйымдастырушылық күшін күшейтуге, сөйтіп, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын одан сайын нығайтуға көмектеседі. 1 миллион 250 мыңға жуық механизаторлар, трактор бригадаларының бригадирлері және басқа жұмысшылар МТС штатына жұмысқа алынды.

Қала мен деревня еңбекшілері бірлесіп жұмыс істеген уақытта ғана ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге болады. Қаланың селоға достық көмегі жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағына негізделген советтік құрылыстың негізінен барып туатын үлгілі дәстүрлерінің біріне айналды.



Петропавл паровоз депосында өнім сапасын бақылаушы болып істейтін Мария Смольянова өз жұмысында бірде-бір ақау жіберіп көрген емес. СУРЕТТЕ: Мария Смольянова тендордағы аспалы ресордың өнім сапасын тексеріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Еңбек өнімділігін арттыра беру — табыс кепілі

Вагон участогі мен вагон-жөндеу депосының коллективтері теміржолшылар күні құрметіндегі социалистік жарыста еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырып, өнім сапасын едәуір жақсартта түеті.

Олар вагондарды күрделі жөндеудің 7 айлық жоспарын 10 июльде 117 процент, жылдық жоспарын 15 июльде 121 процент орындап, көрнекті өндірістік табысқа ие болды.

Жарамсыз вагондардың орта тәуліктік қалдығы нормада белгіленгеннен едәуір кемітілді. Вагон депосының барлық цехтары жоспарды асыра орындап, екінші жарты жылдың өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау үшін күресуде.

Вагондарды техникалық байқау пунктіндегі адамдары вагоңдарды пайдалану жұмысын жақсарту жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Олар алынған міндеттемелерді асыра орындаудың тамаша үлгілерін көрсетіп, тораптық жөндеу әдісі бойынша 3490 вагоңды ағытпай жөндеді. Бұл — жоспар 272 процент орындады деген сөз. Бұл коллектив ұйымшылдықпен еңбек етудің нәтижесінде поездарды 45 минутта жөндеп бітірудің орнына 32 минутта жөндеп, поездардың станцияда тұру уақытын үнемі кемітумен бірге, олардың 89,5 процентін шапшаңдатылған әліспен жөндеуде. Сонымен бірге өткен айларға қарағанда, июль айында ақау жіберуде 8 есе кемітілді. Осыдан игілікті табыстың арқасында вагоңдарды техникалық бақылау пунктіндегі бірінші орынға шығып, ауыспалы қызмет тулы жеңіп алып отыр.

Сол сыяқты, вагон-жөндеу депосының жөндеу цехтарының жұмыстары да ойдағыдай. Коммунист Пеньков жолдас басқарған вагон-жөндеу цехының коллективі

вагон жасап, оны Полудень ауданының трактор бригадаларына жөнелтті. Осы ауданның МТС-тары үшін моторлар жөндеуді аяқтап, көзіргі уақытта вагон депосының адамдары үлкен астық қоймасының құрылысын жүргізуде. Бұл сыяқты қамқорлық көмектің мөлшері 80 мың сомнан асады. Көзір вагон-жөндеу депосына 450 ырылжа жасауға тапсырыс берілген. Коллектив мүшелері тапсырысты қуаңшымен қарсы алып, 6 ырылжа жөндеп, оны колхоздарға жөнелтті.

Вагоншылар өздерінің арасынан шыққан озаттар мен жаңалық тапқыштарды орындай түрде мақтаныш етеді. Вагондардың аға бақылаушысы Трегубенко жолдас Петропавл жол бөлімшесінде поездарды сапалы және шапшаңдатылған әдіспен жұмыстауды бірінші болып жөндеді. Вагон бақылаушылар Савин, Райко, Денисов, Фоминных өздерінің сменалық тапсырмаларын 200 проценттен 500 процентке дейін орындап, еңбек өнімділігін арттыра беруде вагон-жөндеу депосының үлгісі болып отыр. Станокшы Веротыняев жолдас өзінің сменалық нормасын үнемі 400-412 процент орындап, бүкіл вагоңшылардың құрмет-қолеметіне бөленуде. Подшипник бөлшектерін қуаңшы Тарасов жолдас еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Ол өзі берген өнімге ақау жіберуді мүлдем жойып, тапсырманы үнемі 360-370 процент етіп орындап жүр.

Өзара социалистік жарысқа түскен тоқарылар Осипенко және Иванов жолдас-тар алған міндеттемелерін орындауды 355 процентке дейін жеткізіп келеді. Балташылар Иконников, Антимонов, Щербина жолдас-тар да еңбек қарқынын ешқандай



идея Лениннің барлық теориялық еңбектерінде, оның барлық саяси сөздерінде кең орын алады.

В. И. Ленин орыс жұмысшысы Россияның барлық еңбекшілерінің және қанаушы бұқараның бірден-бір өкілі, орыс жұмысшы табы өзінің бостандығы үшін күреске көтерілгені отырған Россия еңбекшілері бұқарасының ең дәйекті күрескері және басшысы екенін айтып, маңызды саяси қорытынды жасады.

Пролетариат диктатурасы туралы ілімді дамыта отырып, Ленин оны жұмысшы табының басшылық ролін де пролетариаттың шаруалар еңбекшілері мен таптық одағының ерекше түрі ретінде тұжырымдады және жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағы пролетариат диктатурасының жоғары принципі болып табылатынын көрсетті.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағының тарихи қажеттігі қоғам дамуының дәлдігін халық бұқарасының шешетіндігімен белгіленеді. Халық тарихты жасаушы және прогресті қозғаушы күш болып табылады. Тек халық, демек, жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтаса отырып, өндіріс қатнастарының өндіріс күштердің сыйпатына міндетті түрде сәйкестігінің объективтік заңы пайдалана алады, буржуазиялық өндірістік қатнастарды жойып, оны өндіріс күштердің сыйпатымен сәйкестендіреді.

Жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың одағы Коммунистік партияның социализм және коммунизм жолындағы күресінің барлық кезеңдерінде негізгі саясаты болып келеді.

Россияда шаруалар басым болғандықтан оларды пролетариаттың одақтасына айналдыру міндетін жүзеге асыру өте қажет болды. Бұл міндетті шешуді біздің елімізде ХХ ғасырдың басында басталған буржуазиялық-демократиялық, халық революциясы жеңілдетті. Бұл революция аграрлық мәселені шешуге тиіс еді. Бұл революцияның жеңіске жетуіне жұмысшылар да, шаруалар да тілектес болды.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың берік одағын жасауда Коммунистік партияның шаруалар мәселесі жөніндегі ғылыми программасы мен саясатының маңызы зор болды. Жерді национализациялау талабын Ленин жұмысшы табының барлық шаруалармен демократиялық революцияда одақ жасау міндетімен тығыз байланыстырды. Осыған сүйене отырып, большевиктер партиясы: барлық шаруалармен бірігіп, буржуазияны бейтарап етіп, патша мен помещиктерге қарсы шығып, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі үшін күресейік! деген ұран тастады. Бұл — партияның тарихи жағдайда — 1905 жылғы революцияға өзіндік кезеңінен бастап, 1917 жылғы Февраль революциясының жеңісіне дейінгі дәуір ішіндегі пролетариаттың шаруалармен қатнасын белгілейтін шаруалар мәселесі жөніндегі алғашқы стратегиялық ұраны еді.

Бірінші орыс революциясында жұмысшылар мен шаруалардың патшаға қарсы одағы оша нығаймаған еді. Революция-

таратты. Бірақ, олардың ойдағыдай өтірік жаласы фактілермен жоққа шығарылды. Пролетариат революциясының жеңісі нәтижесінде басқалардан гөрі шаруалар көп пайда көрді.

Жер туралы Декрет жерге жеке меншікті түпкілікті жойып, помещиктер мен монаштардың және удельдік жерлер еңбекшілердің пайдаланылуына тегін алынып берілді. Бұрын помещиктер мен буржуазияның және шіркеу иелерінің қолында болып келген 150 миллион десятина жер шаруаларға берілді. Жерді национализациялау шаруаларды жер үшін төлейтін көп сомалы борыштан босатты. Тек осы фактінің өзі ғана жер туралы Декреттің жүзеге асырылуынан еңбекшілер бұқарасының нақтылы зор көмек алғанын анық дәлелдейді. Жер туралы тарихи Декреттің жұмысшылар мен шаруалар одағының негізін нығайту үшін орасан зор маңызы болды.

Октябрь социалистік революциясы қанаушы таптарды жойды. Жұмысшылар мен шаруалар біздің елімізде негізгі таптарға айналып, тарихи творчестволықтың кең жолына шықты. Социализмді құру осы екі негізгі таптың арасындағы өзара қатнастардың дұрыстығына байланысты болды.

Міне, осы кезеңде, социализм құрылысы кезеңінде, партия шаруалар мәселесі жөнінде үшінші стратегиялық ұран — орта шаруалармен келісе біліп — кедей шаруаларға нық сүйене отырып, кулактармен күрестен бір минут та бас тартпау ұранын тастады. Партияның VIII съезі пролетариаттың кедейлерге сүйеніп, орта шаруалармен берік одақ жасап, кулактарға қарсы күресуін талап етті. Бұл саясат деревняда ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру және кулактарды тап ретінде жою дәуіріне дейін жүргізілді. Жұмысшы табының орта шаруалармен одақ жасау мақсатында шаруалардың басым көпшілігі социалистік құрылымға қатыстырылды.

Орта шаруаларды совет өкіметі жағына шығаруда бейбітшілік туралы Декреттің және Брест бітімін жасаудың, сондай-ақ, пролетариаттың деревняға баруын және кедейлер комитеттерін ұйымдастырудың зор маңызы болды.

Соғыстан кейін партия жұмысшы табы мен шаруалар одағының бейбітшілік құрылысының міндеттеріне жауап беретін жаңа түрін жасады.

Партияның X съезі қабылдаған жаңа экономикалық саясат жұмысшы табы мен шаруалар одағының экономикалық негізін нығайту жолымен социализмнің экономикалық негізін құруға бағытталды. Жұмысшы табының тарапынан шаруалар бұқарасына кейбір жеңілдіктер беру қажет болды. Ол жеңілдіктердің бірі — сауда жасауға ерік беру еді. Мұнысыз ол кезде жұмысшы табы мен шаруалардың байланысын қамтамасыз етуге болмайтын.

Жаңа экономикалық саясат ауыл шаруашылығын өркендетуге, осының негізінде мемлекеттік өнеркәсіпті қалпына келтіруге, жеке капиталды ығыстыруға мүмкіндік берді. Партия әрқашан деревняда социализмнің шаруашылық тіректелісін (кооперацияны, совхоздарды, колхоз-

дар, халықтар достығы бар да советтік құрылым тіпті де жеңілмейтіндігін дәлелдеді.

Соғыстан кейін совет халқы қысқа мерзімде халық шаруашылығын қалпына келтіріп, совет экономикасының барлық саласын ілгері бастырды. Бұл кезде жұмысшылар мен шаруалардың одағы оған әрі нығайды.

СОКП-ның XIX съезі бесінші бесжылдықтың программасын белгілеп берді. Бұл программаны ойдағыдай орындау социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуде ірі қадам болып табылады.

Бесінші бесжылдықтың жоспары ауыр индустрияның үздіксіз өсуі негізінде ауыл шаруашылығының, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің барлық салаларын бірдей өркендетуді талап етеді.

Ауыл өнеркәсіптің өсуі негізінде қол жеткен ірі табыстар халық тұтынытын заттар өндірісін ұлғайтуға қолайлы жағдай туғызды. Халық тұтынытын заттар өндірісінің дәрежесі соғыстан кейін соғысқа дейінгіге қарағанда әлде қайда артты. Соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығы саласында да үлкен табыстарға жетістік.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетпейінше елімізде астық молшылығын жасауға, тез қарқынмен өркендеп келе жатқан жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен қамтамасыз етуге болмайды.

Біздің партиямыз советтік қоғамның дамуындағы сәйкессіздікті, өсіп келе жатқан қайшылықты әрқашан да деркесінде байқап, уақытылы оны жоюға бағытталған шаралар белгілеп отырады. Партия коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде де осылай істеуде.

Партия социалистік индустрияның өсуі мен ауыл шаруашылығының арасындағы қайшылықты ашты. Соңғы 12 жылда — 1940—1952 жылға дейін — өнеркәсіптің өнімі 2,3 есе көбейсе, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі небары 10 процент қана артты. Ал, ауыл шаруашылығы өнімдерінің қажеті едәуір өсті. Қала мен деревня еңбекшілерінің материалдық дәрежесінің өсуі ауыл шаруашылығына үлкен талаптар қойды.

Ауыл шаруашылығының, әсіресе, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының, өнімдерін картон өндірудің артта қалуы кәзір, еліміз тек өндіріс құралдары ғана емес, сонымен бірге тұтыну заттарын өндіруді тез қарқынмен өркендетуге мүмкіндік алған кезде ерекше айқын сезіліп отыр. Бұл артта қалу қысқа мерзім ішінде елімізде жалпы молшылық жасау сияқты — коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінің жасты міндетін жүзеге асыруға бөгет бастайтын болды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарларында жұмысшылардың кемшіліктер мен қателіктер атап көрсетіліп, ауыл шаруашылығында орын алып келген кемшіліктерді жоюдың нақтылы шаралары белгіленді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін жоспарлауда үлкен қателіктер жіберілді. Қоғамдық және жекеменшік шаруашылықтарды өркендетуде колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынтылығын арттыру принципі бұрмаланды.

нығайтудағы маңызды шараның бірі социалистік қаланың колхозды деревняға кадр жөнінен көмегі болып табылады. Қала деревняға мұндай көмекті ылғи көрсетіп келеді. 1930 жылы селого 25 мың алдыңғы қатарлы жұмысшылар жіберілді. Олар социалистік ауыл шаруашылығын қайта құруда үлкен жұмыстар жүргізді. 1933 жылы колхоздарға көмекке, МТС-тердің саяси бөлімдерінде жұмыс істеу үшін 17 мың партия қызметкерлері жіберілді.

Партия 1953 — 54 жылдары колхоздарды қамту үшін 104 мың агрономдар мен зоотехниктер, МТС директорлығына, бас инженер және жөндеу мастерской менгерушілігіне 25 мыңнан астам инженерлер мен техниктер жіберді. Партия мен үкіметтің шақыруы бойынша Алтайлық, Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңің тың және тыңайған жерлерін игеру үшін 140 мыңнан астам патриоттар келді. Мұндай тамаша патриоттық қозғалыс, қаланың деревняға үздіксіз көмегі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың үздіксіз нығайып отырған достығының айқын белгісі болып табылады.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы сентябрь және февраль-март Пленумдары қаулыларының орындалуының алғашқы қорытындыларын жасады, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бүгінгі таңдағы ең негізгі міндеттерін белгілеп берді.

Партия мен үкімет белгілеген ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары колхоз, совхоздардың және МТС-тердің көктемгі егісті ұйымшылдықпен қысқа мерзімде, сапалы аяқтауына мұқияткі берді. Жаздық бидай дақылдарының мемлекеттік жоспары артығымен орындалды. Колхоздар мен совхоздар былай өткен 1953 жылмен салыстырғанда 9,5 миллион гектар артық септі. Тың және тыңайған жерлерге бидай тұқымын себеу жоспары да артығымен орындалды. 2,3 миллион гектардың орнына 3,6 миллион гектарға тұқым себілді.

Колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің бұл табыстары социалистік ауыл шаруашылығында орасан зор резервтер бар екенін көрсетеді. Әңгіме осы резервтерді қозғалысқа келтіріп, ауыл шаруашылығын оған әрі қуатты өркендеу мақсатына пайдалана білуде болып отыр.

ССРО-да шаруа мәселесінің шешілуінің және жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағының құрылуының үлкен халықаралық маңызы бар. Жұмысшы табы мен шаруалар одағы туралы маркстік-лениндік ілімнің күші мен өмірге бейімділігі Қытайдың және Европадағы халықтық демократия елдерінің тәжірибелерімен кәзір айқын дәлелденді.

Барлық елдердің еңбекшілері жұмысшы табы мен шаруалар одағы қанаушы таптарды жойып, адамның адамды қанауы болмайтын жаңа қоғамдық құрылысты құра алатын қуатты күші екенін берік сенім білдіріп отыр.

**Е. ЛАРЬКИНА,**

Москваңың М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінің аспирантасы.

өміне жол болмайтын жолындағы кемшіліктерін ауыспалы қызыл туы тасырылды. Цех коллективі жөндеу сапасын әлде қайда жақсартып, көптеген материалдар үнемделі және жөндеу жұмысының өзіндік құнын кемітіп, ақауды мүлдем жойды. Цех бастығы Пенсков жолдас цех коллективін жарыста алған міндеттемелерді орындауға, еңбек тәртібін жақсартуға беруге және техника қуатты толық пайдалануға ұйымдастыра білген.

Партия мүшесі Подкорытов жолдас мастер болып істейтін күрделі жөндеу цехының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері де өндірістік программаны асыра орындауға жетісті. Бұл коллектив күрделі жөндеуден өткізген вагондардың 62,5 проценті өте жақсы сапада болды.

Вагон-жөндеу депосының коллективі материалдарды үнемдей беру үшін күресті күшейте түсулі. Еңбек өнімділігін үнемі арттырып, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсартуға берудің нәтижесінде бұл міндетті де ойдағыдай жүзеге асырып, бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға Петропавл вагоншылары жауапты үлес қосады деп мықты сенім білдіруге болады.

Вагон жөндеудің мемлекеттік жоспарын орындауда көрсеткі табысқа жетумен бірге вагоншылар ауыл шаруашылығына да көмектесуде. Олар 16 және 20 киілік 6

3 еседен асыра орындайды. Сол сияқты, электр қуатымен бағалы балқытушы Сегезников, Рыбалов, слесарьлар Глазлов, Ильин жолдастарда көтеріңкі міндеттемелер алып, оны екі есеге жуық орындауға жетісті. Партия мүшелері Калинин, Белокуров, Борисов жолдастар өндірісте өздерінің қажырлы еңбектерімен басқаларға үлгі болып келеді. Олар 5 жылдан бері поездарды ақаусыз жөнелтіп, жүргізуде.

Кәзір Петропавл вагоншылары социалистік жарыста алынған міндеттемелерді асыра орындау үшін өздерінің жұмысшылық көзінмен қарап, еңбек қарқынын бұрынғыдан да үдете беруде. Олар еліміздің бүкіл жол бойы бойынша вагондарды ағытын және ағытпай жөндеу жөнінен бірінші орынды жеңіп алу үшін күресті күшейте түсулі. Еңбек өнімділігін үнемі арттырып, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсартуға берудің нәтижесінде бұл міндетті де ойдағыдай жүзеге асырып, бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға Петропавл вагоншылары жауапты үлес қосады деп мықты сенім білдіруге болады.

**А. ГОЛОЗУБОВ,**

ҚКП қалалық комитетінің мүсқаушысы.

## Сәтпі сапарлар

Теміржолшылар күні құрметіндегі социалистік жарыс өзінің игі нәтижесін берді. Ауыр жүк тиесуші машинистердің саны июль айының ішінде 185-ке жетті. 1331 поезға ауыр жүк тиеліп, жоспардан тыс 528630 тонна жүк тасылды. Жарыста алған міндеттемелерін орындауда № 15-24 паровоздың машинисі А. Тренин жолдас ең жақсы көрсеткіштерге ие болды. Ол локомотивтің техникалық және орта тәуілдіктік жүріс жылдамдығын арттыра түсті.

Тренин басқарған паровоз бригадасы июль айының 26 күні ішінде 12 рет сапарға шығып, ауыр жүк тиелген 11 поезды алып өтті. Бригада мүшелері жоспардан тыс 4300 тонна жүк тасуды қамтамасыз етіп, көптеген отын үнемдеді.

Коммунист А. Кочешков бастаған паровоз

бригадасының көрсеткіші бұдан да жоғары болды. Бригада мүшелері жоспардан тыс ауыр жүк тиелген поездар санын көбейту үшін алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Июльде Кочешков басқарған паровоз бригадасы жоспардан тыс 5341 тонна жүк тасуды қамтамасыз етті.

Петропавл депосының паровозшылары паровоздарды пайдалануды бұрынғыдан да жақсартып, еңбек тәртібін күшейте беретін болады. Сөйтіп, жылдың екінші жартысында ауыр жүк тиелген составтар санын үздіксіз көбейте береді. Осы міндеттерді олар мұлтсіз орындау үшін белсене күресуде.

**В. АХРЕМЕННО,**

паровоз депосының операторы.

## „Екпінді“ кәсіпшілік артелінде

Қаладағы „Екпінді“ кәсіпшілік артели тұтынушылар көпшілігіне арнап, бас киім, шалбар, көйлек тағы басқа киімдер тігеді. Артель өткен июль айында 591 мың сомның киімдерін тігіп, айлық тасырмаларын асыра орындады.

Заказ бойынша киімдер тігетін цех июль айының тасырмасын 110 процент етіп орындады. Бас киім тігудің мастерлері С. Мусаренов, Х. Бекмұхамбетов жолдастар алған міндеттемелерін үнемі асыра орындап жүр. Тасырма бойынша бір сменеде 6-7 фуражка тігу керек болса, олар 11-12 фуражкадан тігіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Заказ бойынша киім тігу цехының мастері А. Танчерева, тәжірибелі мастер Р. Қайсарбекова жолдастар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Мастер Ш. Байғазина артельде не бары бір-ақ жыл жұмыс істейді. Алайда, ол өзінің үнемі ізденіп, өнделенуінің нәтижесінде 4-разряд мастері деген атаққа ие болды.

**Қ. БАТПЕНОВ,**



### Мал шаруашылыгын мол табысты шаруашылыкка айналдырайык

## Бұзау өсірудегі тәжірибеміз

Біздің совхоздың мал өсірушілері соңғы жылдарда қазақтың ақбас сыйырлары ментеп өсіріп келеді. Көзір қарамал фермасындағы сыйырлардың басым көпшілігі осы тұқымдылар. Сондықтан алынған бұзаулардың да көпшілігі қазақтың ақбас сыйырларының бұзаулары.

Біз, бұзау өсірушілер деңі сау, ауа райының түрліше қолайсыз жағдайларға төзімді және тез өсіп-жетілген бұзаулар өсіруді өзіміздің негізгі міндетіміз деп сезілеміз. Бұл сезім бізді бұзауларды күту, азықтандыру ісіне ғылым мен озат тәжірибелердің табыстарын барышына қолдануымызға жігерлендіреді.

Бұзауларды біз туысымен-ақ қабылдап аламыз. Бұзауды күйлі, шығынсыз өсіру үшін оны алғашқы күннен бастап дұрыс күтіп, азықтандыру керек. Сондықтан алғашқы екі апта бойына біз жаңа туған бұзауларды профилактория бөлімінде күтеміз. Мұнда оларды тәжірибелі бұзаушылар Н. Камышева мен А. Плякина жолдастар күтіп, түрлі аурулардан сақтауға алдын-ала шараларын жүзеге асырады. Олардың жұмысына зоотехниктер, мал дәрігерлері көмектеседі. Быйыл Камышева, Плякина жолдастар профилакторияда күткен бұзаулар тәулік сайын 600 граммның орнына—800-900 грамнан салмақ қосты.

Алғашқы екі аптада бұзаулар тез өз еселерінің сүтімен ғана азықтандырылады. Бір тәулік ішінде бұзауларға сүт беру зоотехниктермен, мал дәрігерлерімен бірлесіп отырып жасаған норма бойынша жүргізіледі. Бұл кезде бұзаулардың жемшөп жеуге және минералдық заттармен көректенуге үйрене бастауы үшін бұзаулар тұратын клеткалардың ішіне арпа жармасы, тұз, бор салынған ыдыстар қойылады. Клеткалардың жоғарғы жағына, бұзаулардың басы еркін жететіндей етіп көк шөп бұмасын қоямыз. Бұзаулар алғашқы кезде бұл шөпті түгел жеп, тауыспаған мен, оны жеуге бірте-бірте дағдыланады. Егер бұзауларға таза, нәрі мол шөпті осындай әдіспен бермесе, онда олар астына төселген ескі шөпті жейтін болады.

бұдан бұзаулардың ауруға шалдығуы мүмкін.

Туғаннан кейін 15-20 күн өткен соң бұзаулар жеке бұзау күтушілерге бекітіліп беріледі. Осы уақыттан бастап, олар тек өз еселерінің ғана емес, басқа да сыйырлардың сүтімен азықтандырылады. Әрбір бұзау күтушіне 25-30 бұзаудан бекітіліп беріледі. Бұзау күтушілер оларды 6 айға дейін бағып күтеді. Бұзаушылар бұзауларды 3 айға дейін таза ауаға жігі шығарып отыру арқылы негізінен қолда, бұзау үйін де күтеді. Ал, үй айдаң кейін далаға жаю қолданыла бастайды.

Бұзауларға туғаннан кейін екі ай бойына қаймағы алынбаған сүт береміз. Бұдан кейін қаймағы алынған сүт беріп, оның мөлшерін бірте-бірте көбейтеміз. Қаймағы алынған сүтті бұзауға беру үшін 36-37 градус жылылықта жылытып әзірлейміз. Бұзау туғаннан кейін үш айдаң соң құнарлы азықпен азықтандырыла бастайды. Әрбір бұзауға сүтті тәулігіне 2—2,5 килограмнан береміз. Ал, 6 айлығынан кейін берілетін шөптің мөлшерін 6-7 килограмна дейін көбейтеміз. Бұл кезде бұзаулар жақсы өсіп жетіледі және орта есеппен алғанда олардың салмағы 180-200 килограмм болады. Олардың организмі жемшөптің барлық түрін де сіңіре алатындай дәрежеге жетеді, сондықтан 6 айлығында бұзауға сүт беруді мүлдем тоқтатамыз.

Мен быйыл 40 бұзауды өсіріп келемін. Көзір олардың орта есеппен тәуліктік салмақ қосуы 800-900 грамм болып отыр. Еліміздің озат бұзау өсірушілерінің тәжірибелерін үнемі үйренумен бірге, оны өз ісімде қолданып келемін. Бұл өзінің жақсы нәтижесін беруде.

Быйыл әрбір бұзаудың салмақ қосуы жөніндегі жоспарды 250 грамм артық орындауға міндеттеме алған едім. Көзір бұл міндеттеме орындалуда.

**М. ЦАПЛЮК,**  
Торангүл совхозының бұзау күтушісі.

## Комсомолецтер көмегі

Қаладағы шағын двигательдер зауытының комсомол ұйымы үстіміздегі жылы Октябрь ауданындағы Торангүл, Семиполка, Мамлют ауданындағы Интернационал МТС-терінің жас механизаторларын қамқорлыққа алған еді. Көзір МТС-тер мен завод коллективі арасында байланыс күшейе түсті. Завод комсомолецтері аталған МТС-терден түскен заявқалар бойынша ауылшаруашылық машиналарына қажетті запас бөлшектерін тез жасап, МТС-терге жөнелтіп тұрады. Көктем егісі кезінде зауыттың 100-ден аса комсомолецтері мен комсомолда жоқ жастары ауыл-селолық жерлерге байланысты жұмыс істеп, көктем егісінің ойдағыдай аяқталуына елеулі көмек көрсетті.

Колхоздың қоғамдық малын құнарлы азықпен қамтамасыз ету үшін 57 комсомол мүшесі Жамбыл атындағы және «Пламя» колхоздарында (Октябрь ауданы) бір ай бойына шөп шабу, маялау жұмыстарына белсене қатысты.

Заводтың комсомол ұйымы партия ұйымымен бірлесіп отырып, егін орағы кезінде комбайн агрегатының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өзіне қамқорлыққа алған колхоздарға 14 адамнан комбайн агрегаттарының ұйымдастырушыларын жіберді.

Көзір комсомолецтер «Пламя» колхозының екі вейлкасын механикаландырып, құрастыруды қолға алды. Мұндай толық механикаландырылған вейлкалар астық тазарту кезінде ондаған адамдардың жұмысын орындап, колхозшылардың еңбегін анағұрлым жеңілдетеді. Жақында өздерінің көтерген инициативаларын жүзеге асыру үшін құрал-сайман цехының комсомолецтері МТС-терге арнап көптеген құрал-саймандар әзірледі.

Завод комсомолецтері жұмырды қамқорлыққа алған колхоздарына көптеген кітаптар жыйын, табыс етті. Жас жұмысшылар жабық қырман салып, ол қырмандарды механикаландыруға құштарлықпен көмектесуде.


Егін орағы кезінде завод комсомолецтері қамқорлыққа алған колхоздарға барып, бірнеше рет концерт қойып бермек.

**А. ҚАЗТАЕВ.**

## Булаев станциясында

Булаев теміржолшылары үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдық жоспарын едәуір асыра орындап, жергілікті жүк тиелген вагондардың тұруын нормадарыдан 23 процент кемітуге жетісті. Поезд және маневр жұмысында ақау жіберу мүлдем тоқтатылды. Социалистік жарыстың қортындысын шығарғанда жол бөлімшесінің ауыспалы қызыл туы Булаев станциясының коллективіне берілді.

Булаев станциясында поездардан ағылпай вагондардан жүк түсіру жақсартылып келеді. Ауыр жүк тиелген және ауылшаруашылық машиналары тиелген поездардан жүк түсіру жұмысын шыншандату мақсатымен станция коллективі еңбек қарқынын үдете түсті.



Надежда Бурлакова Краснодар облысындағы «Звезда» шоңқа совхозында шофер болып істегені болатын. Ол облысқа келіп, Тимирязев жаңа астық сырмасын 160 проценттен орындап СУРЕТТЕ: Надежда Бурлакова.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Жас бөбектер қамқорлыққа бөленуде

Өртүрлі әсем гүлдер мен жасыл шөптерге безендірілген кең алаң. Оны жағалай кішкентай столдар мен орындықтар, әр жеріне этконшектер орнатылған. Міне, осылардың бәрін де жас бөбектердің кіршіксіз қуанышты күлжілері мен нәзік дауыстары естеледі. Олардың кейбіреулері айнала қол ұстасын дөңгелене жүріп өлең айтуда. Алаңның ортасына орнатылған жасанды көменің ішіне сығылыса отырған балалардың бірәуі көменің капитаны болып, «виноклмен» жан-жағына маңыздана қарап, кейде айқалап бұйрықтар да беріп қояды. Кішкентай машиналар мен гөшке арбаларына құм толтырып алып құрылыс жұмыстарымен шұғылданып жүрген жас құрылысшылар да аз емес. Олардың ең кішісі—Толик быйыл үшке шығады, ал «құрылыс бастығы» ересек Коля жеті жаста. Бұл балалардың арасында ақ халат киген жылы шырайлы, мейрімді жүзді тәрбиеші әйелдер де көрінеді.

Бұл—қаладағы Ленин атындағы балалар бақшасының бір көрінісі. Бақшада қала өңбекшілерінің мектеп жасына дейінгі балалары жасы-жасы бірдей тәрбиеленеді. Көзір бақшада тәрбиеленетін 129 жас бөбектердің 63-і тәулік бойына бақша тәрбиесінде. Бұл жағдай жас бөбектердің ата-аналарының өңіресте өнімді өңбек етуін қамтамасыз етіп отыр.

—Жас бөбектерді жас күнінде қалай тәрбиелесек, ер жетіп өскенде де сондай боламыз. Сондықтан бұлардың келешекте табанды, қажымайтын, шын мәніндегі совет азаматы болып шығуы үшін осы бастап дұрыс тәрбие беру қажет,—дейді бақша меңгерушісі Ставрова жолдас айналасында ойнап жүрген жас бөбектерге.

сек-орындары алынды. Балалар үшін қажетті ойыншықтар да жеткілікті. Тек үстіміздегі жылдың өсінде балалар үшін жаңадан 7 мың сомның түрлі ойыншықтары сатылып алынды.

Үстіміздегі оқу жылы бұл бақшадан 27 бала тұңғыш рет мектеп есігін ашып, партаға отырмақ. Бақшаның тәрбиелеушілер коллективі олардың сабаққа деген ынта-ықыласының арттыруға қажетті тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізуде. Көзірде балаларға күніне екі рет есеп үйретіп, жазу, сурет салу сабақтары жүргізіледі. Сонымен бірге балалардың эстетикалық сезімдерін дамытып, оларды түрлі өнерге машықтандыру мақсатымен ән, музыка және қол өнері сабақтары жүргізіледі. Көзір быйылғы жылы мектепке барушы балалардың көпшілігі түрлі музыкалық ансамбльдерде ойнауды үйренді.

—Жас ұрпақтарды тәрбиелеу қиыны да, абройлы да іс. Ол әрбір тәрбиешіге үлкен жауаптылық жүктейді. Мен міне 35 жыл бойы тәрбиеші болып істеймін. Оның 20 жылын осы бақшада өткіздім. Бұл бақшада тәрбиеленген балалардың көпшілігі көзір ұлан-байтақ Отанымыздың әр түшкірінде коммунизм құру жолында еңбек етуде. Олар менің мақтанымым,—дейді күрт тәрбиеші Буханова.—Жас бөбектерді тәрбиелегенде олардың әрқайсысымен сөйлесе білу керек, өйткені, олардың әрқайсысының өздеріне тән мінездері бар.

Бақшада балалар жататын және демалатын орындар, қыс айларында олардың уақыттарын өткізетін бөлмелері мен, әрі жарық. Мұнда жас бөбектердің ойдағыдай тәрбиеленуі үшін барлық жағдайлар жасалған.

## Редакцияға хат

### Кітап саудасы ұйымдастырылмай отыр

Жаңадан ұйымдастырылған совхоздардың жұмысшылары, әсіресе жастар кітап сатып алуға және жұмыстан бос уақыттарында кітап оқуға өте құштар. Мұны еске ала отырып, облыстық кітап саудасы бөлімі арқылы Октябрь аудандық тұтынушылар одағына жаңа совхоздардың жұмысшыларына сату үшін көлемде бір-қатар саяси, шаруашылық және көркем әдебиет кітаптары жіберілген болатын. Бұл кітаптарды алысымен аудандық тұтынушылар одағы оларды жаңа совхоздардың жұмысшыларына сатуды ұйымдастырады және кітап қорын арттыру үшін оларды жаңадан ұйымдастырылған кітапханаларды пайдаланады деген үміт болған еді. Бірақ, олай болып шықпады. Аудандық тұтынушылар одағы бұл мәселемен жете шұғылданды естен шығарып алды.

Тимирязев совхозындағы жұмысшылар кооперациясының председатели Панчий жолдастан, не себепті кітап саудасын ұйымдастырмадыңыз, деп сұрағанда, ол магазинде кітап қойып сататын орын болмады, деп жауап берді. Сауда орындары қызметкерлерінің кітап саудасына мән бермей келгендігін осының өзінен-ақ айқын көруге болады.

Держинский атындағы, Москворецк және Хрущев атындағы совхоздарда кітап саудасы мүлде ұйымдастырылмаған.

Аталған совхоздарда жаңа әдебиеттерді, газет, журналдар мен плакаттарды «Союзпечать» арқылы сату да мүлде қанағаттанғысыз. Сатылуға тиісті газеттер байланыс бөлімшелерінде біртүрлі күндер жатып қалады.

Облыстық тұтынушылар одағы мен облыстық «Союзпечать» бөлімі бұл мәселеге жете көңіл бөліп, Октябрь ауданындағы жаңа совхоздарда кітап саудасын дереу жолға қоюдың шараларын қарастырулары керек.

**Б. ДӘУРЕНОВ.**

### Мәдениет мәселесімен шұғылдана уақып жеткен жоқ па?

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхоздың басшылары колхозшылардың өскелең тілегімен есептеспей келеді. Мұнда ең алдымен клуб жоқ, айына екі рет келген кинофильмдер мектептің бір бөлмесінде көрсетіледі. Отыратын орын болмағандықтан колхозшылар киноны екі сағат бойына түрегеліп тұрып көруге мәжбүр болады.

Колхозда оқу үйіне арнап салына бастаран үйдің құрылысы күні бүгінге дейін аяқталған жоқ.

Аккумуляторы тозып қалып, радио тобының жұмыс істемей тұрғанына да екі айдан астам уақыт өтті.

## Мал үшін мол азық, жайлы қора әзірленуде

Полудень ауданы Тельман атындағы колхозда Полудень МТС-нің бір өздігінен жүретін және 5 трактор агрегаты жұмыс істейді. Сонымен бірге шөп шабуға колхоздың 8 көлік машинасы қосылған. Механизаторлар және колхоз ишпеншілері бірлесе жұмыс істеп, елеулі жетістіктерге жетуде. Мысалы, машинист Ф. Әбреле жолдас басқарған агрегат күн сайын 20 гектардың орнына 25-30 гектар жердің шөбін шабады. В. Разумов жолдас та күндік нормасын үнемі асыра орындайды. Көлік машинасында істейтін Ф. Стебулин жолдас та күніне 4-4,5 гектардан кем шөп шауып көрмей емес. Осының нәтижесінде жұмыс істеп жүрген барлық машиналармен күніне 165-170 гектар жердің шөбі шабылады. Жоспар бойынша колхозда 4240 гектар

Мал азығын дайындаумен қатар, мал қораларына ишпен тасып жеткізу жұмысы да жақсы ұйымдастырылған. Мал қоралары жанына шөп тасуда 18 арба және 1 автомашина жұмыс істейді. Олармен күніне 250-275 центнер шөп жеткізіледі. Н. Бабушкин, С. Касенов сыяқты жолдастар күніне 16 центнер орнына 25-30 центнер шөп тасыйды. Жүк машинасында істейтін шофер В. Саржан жолдас та күнделік нормасын асыра орындайды.

Колхозда жаңа мал қораларын салу, ескі қораларды жөндеу жұмыстары жақсы жолға қойылған. Құрылысшылар керекті материалдармен толық қамтамасыз етіліп, 800 қой сыятын жаңа қора толық салынып болды. 100 сыйырлық



Колхозда шабылған шөпті маялау үшін бірнеше звено құрылған. Мая салушы звенолардың өзара социалистік жарысында Ш. Әбреке жолдас басқаратын звено алда келеді.

## Үлгілі сауыншы

Жайлаубаева Ақыл Октябрь ауданы «Интернационал» ауылшаруашылық артелиінде 12 жылдан бері сауыншы болып істеп келеді. Ол ісіне ынталы, еңбек сүйгіш Ақыл еңбектегі үздік табыстары арқамы жыл сайын колхозшылардың құрметіне бөленуде.

Жайлаубаева жолдас қарамағындағы сауын сыйырларды күтіп-бағу жұмыстарын зоотехникалық ережелерге сай ұйымдастыра отырып, өткен жылы 15 сауын сыйырдан 15 бұзау алып, аман өсірді.

аяқталып келеді. Жұмыс малдары, төлдер үшін салынып жатқан қоралардың құрылысы да аяқталуға жуық. Ескі 16-қораның барлығы толық жөндеуден өтті.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

Сыйырлардың сүттілігі де өткен жылдардағыдан анағұрлым артты.

Быйғыты жылы ол өзіне бөкітілген 13 сыйырдан 13 бұзау алып, шығынсыз өсіруге, әрбір сауын сыйырдан 1600 литр сүт саууға міндеттенген болатын. Жайлаубаева бұл міндеттемесін де аброймен орындап келеді. Кәзірдің өзінде әрбір сыйырдан 900 литрден астам сүт сауып, алынған 13 бұзауды шығынсыз өсіруге.

**Қ. РАМАЗАНОВ.**

ғын қабылдауға әзір.

**Ә. БӘЙТЕНОВ.**

## Комбайн агрегатының ұйымдастырушылары

Ленин аудандық партия комитеті егін орағы күндерінде комбайн агрегаттарының тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ету үшін ауданның МТС-теріне 41 адамды комбайн агрегаттарының жауапты ұйымдастырушылары етіп жіберді. Олар ауданның партия ұйымдарының іріктеліп алынған партия, совет және комсомол активтері. Бұдан басқа қала партия ұйымдары ауданның МТС-теріне комбайн агрегаттарының жауапты ұйымдастырушылары етіп 33 адамды жіберді. Егін орағы кезінде комбайн агрегаттарының жауапты ұйымдастырушылары болып 204 адам жұмыс істейтін болады.

# Еңбекшілер арасындағы мәдени-ағарту жұмысын жақсарту береміз

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілердің әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсарту жолында үнемі қамқорлық жасап келеді. Бұл қамқорлықты біздің Преснов ауданының еңбекшілерінің күнделікті тұрмысынан айқын көруге болады. Ауданның колхоздары мен совхоздарында мектептердің, ауруханалардың, мәдениет үйлері мен клубтардың, кітапханалардың саны барған сайын көбейіп, еңбекшілер арасында жүргізілетін үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының идеялық мазмұны да артын келе жатқандығы бұл қамқорлықтың айқын айғағы болып табылады.

Преснов ауданында соғысқа дейін небары 20-дан аз-ақ астам мәдени-ағарту мекемелері бар еді. Кәзіргі уақытта ауданның колхоздары мен совхоздарында 100-ге тарта мәдени-ағарту мекемелері бар. Сонымен қатар ауыл-селолық жерлердегі кітапханалардың кітап қоры да жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, 1940 жылмен салыстырғанда аудан кітапханаларындағы кітап қоры 13 есеге жуық өсті. Тек қана үстіміздегі жылдың екінші жартысында ауданда 2 селолық жаңа кітапхана ашылды.

Кәзіргі уақытта Преснов ауданының колхоздары мен совхоздарында 17 селолық клуб, 16 оқу үйі, 8 селолық кітапхана, аудандық кітапхана және балалар кітапханасы жұмыс істейді. Сонымен қатар, совхоздарда 7 клуб бар. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін барлық қажетті мүмкіншіліктер жасалған.

Преснов аудандық мәдениет үйі облыстағы ең таңдаулы мәдени-ағарту мекемелерінің бірінен саналады. Ол шын мағынасында еңбекшілердің мәдениетті тыңыу орталығына айналған. Мәдениет үйі өз жұмыстарын партия, совет, комсомол активтеріне сүйеніп жүргізеді. Олар клубта жүргізілетін үгіт-бұқаралық

және мәдени-ағарту жұмыстарына, рол-сыяқты, клуб жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмыстарына белсене қатысады.

Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советі аудандық мәдениет үйінің жұмысына тікелей басшылық жасап отырады. Мәдениет үйінің барлық жұмыстарын аудандық Совет атқомі бекіткен, құрамында 13 мүшесі бар Совет басқарады. Мәдениет үйі өзінің жұмыстарын жоғары түрде, бүгінгі күннің талаптарына сай дәрежеде жүргізуде. Мәселен, бұл мәдениет үйінің мәдени бригадасы көптемі егіс және жеміш әзірлеу кезінде колхоздарда, трактор бригадалары мен дала қостарында жиі-жиі болып, онда егіншілер мен пішеншілер үшін концерттер көрсетіп, лекциялар ұйымдастырды. Бригаданы мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарушы Е. Дробышев жолдас басқарады. Бригадаға арнаулы жүк машинасы бөлініп, онда кітапхана, жылжымалы киноаппарат орнатылған. Мәдени бригада ауылшаруашылық жұмыстары кезінде еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды кеңінен өрістетуге де өз үлестерін қосты. Бригада мүшелері өздері болған трактор бригадалары мен дала қостарында «жауынгерлік листоктар» мен сәулелі газеттер шығаруға көмектесіп, егіншілерге халықаралық жағдай жөнінде және басқа да саяси тақырыптарда ондаған лекциялар оқыды.

Бұл сыяқты Мәдени бригадалар біздің ауданда 9. Олардың бәрі де өз жұмыстарын ойдағыдай атқарып жүр. Үстіміздегі жылдың өткен 7 айы ішінде ауданның колхоздары мен совхоздарындағы мәдени-ағарту мекемелерінің жанындағы көркемөнерпаздар коллективтерінің күшімен еңбекшілер үшін 245 рет демалыс кештері ұйымдастырылды. Оның ішінде 150 рет концерт қойылып, 95 рет пьеса көрсетілді.

Мәдени-ағарту мекемелері өз жұмыс-

тарын тек қана демалыс кештерін ұйымдастырып, концерттер қоюмен ғана тындырып отырған жоқ. Сонымен қатар, олар еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстарды кеңінен жүргізуде, туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі саясатын еңбекшілерге кеңінен түсіндіруге жергілікті партия ұйымдарының ең сенімді көмекшілерінің бірі болуда. Бұл жұмыста олар үгіт-бұқаралық жұмыстардың әлгіме өткізу, лекция оқу, түрлі тақырыптарға арналған кештер ұйымдастыру, кітап оқушылар конференциясын жүргізу сыяқты түрлі әдістерін қолдануда. Сонымен бірге, олар ауыл шаруашылығы озаттарының іс әдістерін еңбекшілер арасына кеңінен таратуда да қажырлы еңбек етіп жүр. Мәселен, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің күшімен 209 рет лекция оқылып, 207 рет түрлі тақырыптарда баяндамалар жасалды. Бұл лекция мен баяндамалардың таңдауға 51 мың 215 адам қамтылды.

Еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде көркемөнер үйірмелері коллективтерінің атқаратын ролі ерекше. Кәзіргі уақытта аудандық мәдениет бөлімі село көркемөнерпаздарының творчестволық жұмысына баса назар аударып, олардың кең дәрежеде жұмыс істеуі үшін барлық мүмкіншілікті жасап отыр. Кәзір ауданның колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде 80-нен астам көркемөнерпаздар үйірмесі тұрақты жұмыс істейді. Ол үйірмелерге 2 мыңнан астам адам қатысады. Аудандық мәдениет бөлімі колхоздар мен совхоздардағы көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысына көмектесу мақсатымен аудандық мәдениет үйінің жанынан баяншылар курсын ұйымдастырды. Сонымен бірге мұнда селолық көркемөнерпаздар үйірмесі коллективінің же-

лес бөбектерді ойдағыдай тәрбиелеуге қажетті жағдайлардың бәрі жасалған. Быйлы мұнда балаларға арналып жасалған 9 мың сәуірлік орындық, шаф, столдар, 14 мың соның әртүрлі киімдері мен те-

## Клуб көркемөнерпаздары

Қаладағы Ленин атындағы клубтың көркемөнерпаздар коллективі теміржолшылар күнін жақмы әзірлікпен қарсы алып, мерекені ойдағыдай өткізді.

Клубтың көркемөнерпаздары мерекелерінде кеңейтілген программада концерттер қойып берді.

Концертте драм үйірмесі де қатысты. Олар «Малиновкадағы құмалық тойы» опереттасынан үзінді көрсетті. Мерекелерінде темір жол бөлімшесінің оқу үйлерінде де арнаулы концерттер қойыл-

текшілерімен жиі-жиі кеңес-семинарлар өткізіліп тұрады.

Ауданымызда өздерінің творчестволық өнерлерімен жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген көркемөнерпаздар үйірмелері көп. Олардың қатарында Молотов атындағы, «Баян», «Красное знамя» колхоздарының көркемөнерпаздар коллективін айтуға болады. Жұырда болып өткен селолық көркемөнерпаздардың облыстық байқауында Молотов атындағы колхоздың хоры бірінші орынды, «Баян» колхозының хоры екінші орынды жеңіп алды. Ал, аудан көркемөнерпаздары бірінші орынға ие болып, өткен жылғы облыстық байқауда жеңіп алған ауыспалы кубокті өздерінде қалдырды.

Ауданның мәдени-ағарту мекемелерінің барлығы да радиоландырылған. Сонымен бірге, 24 мәдени-ағарту мекемесінде радиоқабылдағыштар бар. Көктемгі егіс және жеміш қорын әзірлеу кезінде радиоқабылдағыштары бар мәдени-ағарту мекемелері апта сайын дала қостары мен трактор бригадаларында болып, онда коллективті түрде радио тыңдауды ұйымдастырды. Ал қыс күндері бұл радиоқабылдағыштар малшылар үшін арнаулы концерттерді тыңдауға пайдаланылады.

Ауданның мәдени-ағарту мекемелері кәзіргі уақытта егін орағы кезінде егіншілер арасында мәдениет жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге қызу дайындалуда. Ауыл шаруашылығы жұмыстарының бұл аса жауапты кезінде мәдени бригадалар, көркемөнерпаздар үйірмелерінің коллективтері егіншілерді мәдениетті қамтытты болады. Аудандық мәдениет бөлімінің инициативасы бойынша кәзір селолық клубтардың жанынан мәдени бригадалары ұйымдастырылуда. Сонымен қатар әрбір селолық кітапханада дала қостары мен трактор бригадаларында жұмыс істейтін егіншілер мен механизаторларды қамту үшін арнаулы жылжымалы кітапханалар жабдықталды. Сол сыяқты, лекторлар топтары да ұйымдастырылып, олар егіншілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстар жүргізетін болады. Кәзіргі уақытта әрбір мәдени-ағарту мекеме-

ленген бұл бөбектердің келешектері бұдан да жарқын. Олар гүлденген Отанымыздың бақытты балалары—коммунизмнің болашақ құрылысшылары.

**Қ. БОЛАТОВ.**

ды. Сол сыяқты, клубтың драма үйірмесі Петропавл станциясында, паровоз депосында «Дәл келген түс» пьесасын көрсетті.

Құйбышев атындағы тоғайда өткен мерекелер күндері де өте көңілді өтті. Мұнда клуб көркемөнерпаздарының күшімен көпшілік демалыс кеші ұйымдастырылды. Мұнда да кеңейтілген программада көп концерт беріліп, көпшілік ойындары, билер ұйымдастырылды.

**А. АДЛЕР.**

ету орнына, күнде ертеңмен уақыт өткізіп келеді.

Колхоз басқармасының оның председателі Есембаев жолдасының мәдениет мәселесімен шұғылданатын уақыты жеткен жоқ па?

**М. ЗАҒЫПАРОВ.**

## Қажетті товарлар сатылмайды

Приешім ауданындағы Өрнек селолық тұтынушылар қоғамының Киров атындағы колхоздағы дүкені колхозшылардың тілегіне сай жұмыс істей алмай келеді. Мұнда товарлардың түр-түрлерін кездестіруге өте қиын. Тіпті күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті кір сабын, керосин, тұз, шай, сіреңке сыяқты заттарды сатып алайын десең дүкенде үнемі болып тұрмайды.

Дүкен сатушысы А. Нагель жолдас сауда жұмысын колхозшылардың тілегіне сай жүргізу өзінің тікелей басты міндеті екендігін есінен шығарып алып, қажет товарын сураған колхозшыларға көп реттерде дұрыс жауап та бермейді.

Өрнек селолық тұтынушылар қоғамы Киров атындағы колхоздары дүкеннің жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктерді жою шараларын қарастырып, Нагель жолдасқа сауда жұмысын тұтынушылар тілегіне сай жүргізуді талап еткені жөн.

**Қ. ҚОЖАНОВ.**

## Жарияланбаған хаттың дерегі

### „Дабылдан дабыл, болмады қабыл“

Редакцияға түскен, газетте жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Октябрь аудандық мәдениет бөлімінің жылжымалы киноларының механизмдері, бұдан бұрын бірнеше рет дабыл болуына қарамастан, Ленин атындағы колхозды киномен қамту ісін тыңғылықты жүргізбей отырғандығы айтылған болатын.

Октябрь аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Касаткина жолдас редакцияға, тілші хатында көрсетілген кемшіліктердің орын алып келгендігі тексерісте толық анықталды, деп хабарлады. Апрель айынан июнь айына дейін Ленин атындағы колхоздың орталығында ғана кино көрсетіліп, Мектеп, Көктерек бригадаларының колхозшылары киномен қамтылмай келген.

Колхозшыларды киномен үнемі тыңғылықты қамтып отырмағаны үшін кино-механик Шатохин жолдасқа әкімшілік жолымен шара қолданылды.

Ленин атындағы колхозды және оның бригадаларында колхозшыларға кино көрсету ісін жақсарту жөнінде тиісті шаралар белгіленді.

**С. ТӨЛЕГЕНОВ,**  
Преснов аудандық мәдениет бөлімінің аға инспекторы.



# Қазақстанның қалалары Өскемен қаласы

Дүниеде әртүрлі қалалар бар: олардың реуі үлкен, біреуі кіші, бірі қарт га, рі жас болуы мүмкін. Олардың әрқай- сының өз тарихы, өз тағдыры бар. Сау Ертіс бойындағы қарт қала— Өске- еннің тағдыры да тамаша. Кәзір біздің тімізде бұл қаланы бізмейтін бірде- бір үйіс жоқ. Мұнда, Ертісте қуатты су тектр станциясы салынып жатқан кезде өкемен кеңінен белгілі болды. Ол жер ойнауында сарқылмас байлықтарымен аңқы шыққан кең өлке—Шығыс Қазақ- ганның өзімшілік және мәдениет орта- ғы ретінде де белгілі.

Защита темір жол станциясы қалаға іре- берістегі қақпа сыяқты. Кәзіргі керкәсіптің ірі орталықтың көрінісі вок- ал алдынан-ақ көзге шалынады. Екі сгеріне жас ағаштар отырғызылып, ас- альт төселген түзу көшелер көрінеді, ұс-тұста көп пәтерлі тұрғын үйлер, кө- телермен жүк автомашиналары мен же- діл автомашиналар, автобустар үнемі ғылып өтіп жатады. Қалада жаңа құ- ылыстар кеңінен өрістеген. Жаңа құры- ыстар бүгінгі Өскеменге ерекше тән кө- йісі.

Өскеменнің тарихы ұзақ және қызық- ғы. Ол 1720 жылы Ертіс пен Ульбаның ғүйіскен жерінде канал ретінде салына бастады. Бұл қорған жергілікті халық- ы Жоңғар тайпаларының шабуылынан қорғау үшін қызмет етті. 1868 жылы Өскемен Семей облысының уездік қала- ына айналды. Оның қандай қала болға- нын орыстың атақты саяхатшысы Семенов —Тяньшанскийдің осы қала туралы жаз- ғандарынан білуге болады.

«Көркемдігі жөнінен қаланың ерекше- дігі жоқ: көшелерге төсеуге ғажетті тас жақын болса да көшелерден көктем мен күзде өтуге болмайды. Қаланың сауда -өнеркәсіптік маңызы болмашы ғана: екі сабын қайнататын завод пен алты был- ғары заводы бар... Мұнымен қатар он орынды қалалық аурухана, екі медици- налық дәрігер мен бір мал дәрігері және бір аптека бар... Келушілер түсетін қо- ықүй жоқ: арбакеңтер бар». Шығыс Қа- зақстанның кәзіргі облыстық орталығы жоғарыда суреттелген революциядан бү- рынғы Өскеменге мүлде ұқсамайды, бү- лардың тек аттары ғана ұқсас. Қарт қа- ла қайта жасарды. Жүздеген сәулетгі, көп қабатты тұрғын үйлер, 30 мектеп, ауруханалар, аса ірі заводтар, бұрынғы құлазыған жерде пайда болған саялы парктер қаланы түрлендіріп жіберді. С. М. Киров атындағы парк ерекше көрікті. Осыдан 20 жыл бұрын бұл жерде тас базар алаңы болатын. Шығыс Қазақстан- да болған кезінде Сергей Миронович Ки- ров пақ осы арада, қаланың орталығын- да, еңбекшілердің демалуына арнап парк жасауды ұсынды.

Кәзір бүкіл елімізден Өскеменнің өсуі- не, мұнда жаңа құрылыс салынуына кө- мектеспейтін облысты табу қиын. Өс- кемен су электр станциясын салуға Со- вет Одағының 400 кәсіпорнының коллек- тивтері қатысты. Жабдықтар, механизм- дер, әртүрлі материалдар кәзіргі кезде де тоқтаусыз келіп жатады. Еліміз Өскемен- ге мұнара крандарын, құрғақ штукатур- ка, транспортерлер, үй жылытатын және су проводының трубаларын, аспалы ме- талл таразылар және басқа көптеген ме- ханизмдер жіберуде. Бір кезде шалғай орналасқандығынан ұзақ күн сапар ше- гіп қиындықпен ғана жетуге болатын қала кәзір темір жол, өзен және әуе транспорты арқылы бүкіл елімізбен ты- рыз байланысқан. Өскеменнен Москваға самолетпен небәрі біржарым тәулікте же- туге болады.

Өскемен мектептері, арнаулы оқу орындары, дәрігерлердің, мұғалімдердің, инженер мен техниктердің үлкен отряды бар. Кәзіргі социалистік қала Өскеменнің интеллигенттер қатары да тез көбейіп келеді. Жаңа бесжылдықтың өзінде ғана қалаға алуан түрлі мамандықтың 1000- нан аса жас кадры келді. Кәзір мұндағы медицина қызметкерлерінің саны, халқы- ның саны Өскемен халқынан шамамен ондаған есе көп. Марокко сыяқты үлкен елдің медицина қызметкерлерінің саны- нан бірнеше есе көп. Қаладағы әрбір ал- тыншы адам оқып жүр. Мұнда 30 мек- теппен, педагогикалық училище, акушерк- ылық-фельдшерлік мектеп, кооперативтік, ауылшаруашылық және құрылыс техни- кумдары, педагогика институты жұмыс істейді. Мұның соңғы екеуі кейінгі екі жылда ғана ұйымдастырылды. Одақтық үкметтің қаулысы бойынша таяу уақыт- та мұнымен қатар кен- металлургия ин- ститутын ашу белгіленіп отыр, ол руда- лы Алтайдың кен өнеркәсібіне маман қа- дрлар даярлайтын болады.

...Ымырт жабылып, Алтай тауының етегіндегі қарт қалада қарағы бола бас- тағаннан көшелерде, үйлерде, елубтарда, магазиндерде мыңдаған электр шамдары жарқырайды. Өскеменде еңбекшілердің кешке, бос уақыттың мәдениетті өткізетін орындары көп. Оларға драма театры қыз- мет етеді, оның сахнасында кәзіргі за- манның және классикалық пьесалар үн- ді қойылып тұрады. Бұған қоса алты жұмысшылар клубы, бірнеше кинотеатр бар. Қаланың 30 кітапханасында саяси, көркем және арнаулы әдебиеттің 200 мың томы бар. Бірнеше лекторий, маркс- изм- ленинизм кешкі университеті, өлке- тану музейі жұмыс істейді.

Қаланың өсуіне, оның халқына мәде- ни-тұрмыстық қызмет етуді жақсартуға мемлекет зор қамқорлық жасап отыр. Тек соңғы 13 жылдың ішінде ғана қаладағы тұрғын үй қоры 10 есе артты, бұл уа- қыттың ішінде елдің өміріне зор өзгеріс әкелді.

## Вьетнам Еңбекшілер партиясының ұлттық конференциясы

ШАНХАЙ, 31 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауынша, июльдің 20-нан 25-не дейін Вьетнам Еңбекшілер партиясының ұлттық конференциясы өтіп, онда жаңа жағдай мен жаңа міндеттер, сондай-ақ партияның Орталық Комитетінің алтыншы кең пленумында қабылданған қарарлар талқыланды. Конференцияда сөз сөйлеген президент Хо Ши Мин кәзіргі ішкі және халықара- лық жағдайға талдау жасап, партия мен бүкіл Вьетнам халқының ұраны ретінде «бейбітшілік, бірлік, тәуелсіздік және демократия үшін күресу» ұранын таста- ды.

Конференцияда мұнымен қатар Вьет- нам Еңбекшілер партиясының бас секре- тары Труонг Шин сөз сөйледі. Бес күн талқылаудың барысында кон- ференция делегаттары бірауыздан Женева кенесінде Индо- Қытайда уақытша бітім туралы келісімге қол қойылуы Индо-Қы- тай халықтарының, сондай-ақ бүкіл дү- ние жүзіндегі бейбітшілік пен демокра- тия күштерінің орасан зор жеңісі болып табылады деген қорытындыға келді.

### СОВЕТ- УРУГВАЙ ТӨЛЕМ КЕЛІСІМІНЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛУЫ

МОНТЕВИДЕО, 31 июль. (СОТА). Бы- йылғы жылғы 28 июльде Монтевидео қал- асында ССРО Мемлекеттік Банкі мен Уругвай Республикасының Банкі арасында төлем келісіміне қол қойылды. Мұнымен қатар өзара алыс-беріс жаса- латын товарлардың тізімдері келісілді. ССРО Уругвайға мұнай мен мұнай өнімде- рін, ағаш материалдарын, газет қағазын, тас көмір, химия товарларын, ауылшаруа- шылық машиналарын, өнеркәсіп жабды- ғын және қара металлургия өнімдерін бе- реді. Уругвай ССРО-ға ет, ет консервіле- рін, жүн, былғары шикізаттарын шыға- рады.

Келісім екі жыл мерзімге жасалып қол қойылды, екі жақ келіскен жағдайда оны ұзарту мүмкіншілігі көзделген.

### БАТЫС БЕРЛИННІҢ ХАЛҚЫ БІТІМ ДОГОВОРЫ ҮШІН ДАУЫС БЕРУДЕ

БЕРЛИН, 31, июль. (СОТА). Бүгін де- мократиялық бәспәсөзде «Бітім договоры және оккупациялық әскерлердің әкетілуі үшін бе немесе «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор мен «Жалпы договор» және оккупациялық әскерлердің 50 жылға қалдырылуы үшін бе?» деген мәселе бойынша халықтың дауыс беруін өткізген Батыс Берлин комитетінің хаба- ры жарияланды. Хабарда былай деп көр- сетілген: халықтық дауыс беруге 1954 жылғы 29 июльге дейін Батыс Берлин- нің барлық аудандарынан 199.484 адам қатысқан, оның ішінен 190.108 адам бі- тім договоры үшін, 2.945 адам «Европа- лық қорғаныс бірлестігі» туралы договор

## Румын жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің Пленумы

БУХАРЕСТ, 3 август. (СОТА). Кеше Румын жұмысшы партиясы Орталық Ко- митетінің Пленумы болды. Пленум 1954 жылғы 30 октябрьде шақырылатын Ру- мын жұмысшы партиясының II съезінің мынадай күн тәртібін қабылдады:

1. Румын жұмысшы партиясы Орта- лық Комитетінің есепті баяндамасы.
2. Румын жұмысшы партиясының Орта- лық тексеру комиссиясының баяндамасы.
3. Таяудағы екі-үш жылда ауыл шар- уашылығын өркендету туралы директи- валар.

## Қытай Халық Республикасының сыртқы сауда министрі орынбасарының Хельсинкиде жасаған мәлімдемесі

ХЕЛЬСИНКИ, 3 август. (СОТА). Қытай Халық Республикасының сыртқы сауда министрінің орынбасары Лэй Жень-минь кеше Хельсинкиде жоғары сауда мекте- бінің үйінде сөз сөйлеп, өзінің Финляндияны аралағаннан алған әсерлерін айт- ты.

Үкмет мүшелері, шетел миссияларының өкілдері және Хельсинки жұртшылығы- ның көптеген өкілдері қатысқан жыйна- лыста Лэй Жень-минь Финляндия мен Қы-

тай арасындағы сауданы онан әрі өрістетуге өбден мүмкін екендігіне сенім білдірді. Ол фин товарларының Қытайда өтімді еке- ніні атап көрсетті. Финляндия мен Қытай арасындағы сауданың өрістеуі, деді Лэй Жень- минь, біздің елдеріміздің халықта- ры мен үкметтеріне неғұрлым жақын қатынастар орнатуға көмектесін қана қоймайды, сонымен қатар, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік болуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

4. Румын жұмысшы партиясының Ус- тавына өзгерістер енгізу туралы баянда- ма.

5. Румын жұмысшы партиясының Ор- талық Комитеті мен Орталық тексеру ко- миссиясын сайлау.

Пленум Румын жұмысшы партиясы- ның өзгертулер енгізілген Уставының жобасын және Румын жұмысшы партия- сының II съезінің таяудағы 2-3 жылда ауыл шаруашылығын өркендету туралы директиваларының жобасын мақұлдады.

6. Румын жұмысшы партиясының Ус- тавына өзгерістер енгізу туралы баянда- ма.

## Индия газеті Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы совет ұсыныстарын қуаттауда

ДЕЛИ, 31 июль. (СОТА). Индия газет- тері Европада коллективтік хауіпсіздік системасын жасау туралы совет үкметі- нің ұсыныстарын толығынан мақұлдаған басмақалалар мен редакциялық мақала- ларды әлі де жариялауда.

Лажнауда шығатын, Индия үкметіне жақын «Навдживан» газеті «орыстардың жаңа ұсынысы» деген заголовокпен беріл- ген басмақаласында былай деп жазды: «егер герман проблемасы жөнінде Батыс державалары мен Россия арасында келісім

ге қол жететін болса, онда соғыс хауіпін жойылатынына ешқандай күмән жоқ». Газет мұнан әрі бұл мәселе жөніндегі Американың позициясын сынап, «советтік Россияның келіссөздер жүргізу туралы ұсыныстарының бәрін күшілгері-ақ қа- былдамау Даллестің әдетіне айналып кеткен» деп ашу-ызамен атап жазды. Газет Англияны герман мәселесі жөнін- де АҚШ-қа тәуелсіз позиция ұстауға ша- дырған.

## Студенттердің жазғы бүкілдүниежүзілік XII ойындарының ашылуы

БУДАПЕШТ, 1 август. (СОТА). Кеше мұнда халық стадионында студенттердің жазғы бүкілдүниежүзілік XII ойындары салтанатпен ашылды. Жергілікті уақыт бойынша сағат 4-те стадионға венгер ба- лаларының колонналары келді. Олардан кейін көгілдір ту мен студенттердің жаз- ғы бүкілдүниежүзілік XII ойындары зна- чегінің мәкетін көтерген венгер физкуль- тура институтының студенттері келді.

Стадионға студенттердің делегациялары —33 елдің спортшылары бірінен соң бірі шықты. Стадионда Венгрияның Еңбекші- лер партиясының және венгер үкметінің басшылары, дипломатиялық корпусның мүшелері болды.

Студенттердің Халықаралық одағының бас секретары Иржи Пеликан одаққа бі- ріккен 6 миллион студенттердің атынан ойынға қатысушыларды және жыйна- ландарды құттықтан, қуанышты қабыл-

дау көрсеткені үшін венгер спортшы-сту- денттері мен венгер үкметіне алғыс ай- ты.

Венгер Халық Республикасы президиу- мының председатели Иштван Доби ойындарды ашып, олардың барлық елдер сту- денттерінің достығын нығайту ісіне қыз- мет ететіндігіне сенім білдірді.

Будан кейін ойындарға қатысушылар- дың парады болды. Парадтан кейін стади- онның жасыл алаңына венгердің ұлттық әсем костюмдерін киген 400 биші шықты. Олар жыйналғандардың қол шапалақтауы үстінде халық билерін орындады. Өнер көрсету соңында Венгрия мен Шотландияның студенттер командаларының фуг- болдан кездесуі болды. 3:0 есебімен Ве- нгрия командасы ұтты.

Студенттік ойындар 8 августқа дейін созылады.

## ЖАРАЛЫ ФРАНЦУЗ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫН ҚАЙТАРЫП БЕРУ

ШАНХАЙ, 3 август. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі мынаны хабарлады: Вьетнамдағы уақытша бітімнің орын- далуын бақылайтын орталық аралас ко- миссияның соғыс тұтқындарын ауысу жөніндегі қарарына сүйене отырып, Вьетнам Халық армиясының жоғарғы ко- мандованисі 30 июльде Вьет- Тридегі француз одағының Индо- Қытайдағы қарулы күштерінің жоғарғы командование- сінің өкілдеріне 120 ауру және жаралы соғыс тұтқындарын қайтарып берді. Бұл адамдардың қатарында 110 европалықтар мен африкалықтар және баодайлық ар- мияның 10 солдатты бар.

Жүрер алдында соғыс тұтқындарының бәрі өздеріне адамгершілікпен қарағаны үшін президент Хо Ши Минге, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі- не және Вьетнам халқына алғыс айтты.

Вьетнам Халықармиясының жоғарғы командованисі мұнымен қатар, француз жағына олардың қолындағы Вьетнам Ха- лық армиясының ауру және жаралы со- ғыс тұтқындары үшін 525 килограмм дәрі берді.

## СОЛТҮСТІК ВЬЕТНАМДАҒЫ УАҚЫТША БІТІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАЙТЫН ЖЕРГІЛІКТІ АРАЛАС КОМИССИЯНЫҢ ХАБАРЫ

ШАНХАЙ, 3 август. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі мынаны хабарлады: Солтүстік Вьетнамдағы уақытша бітім- нің орындалуын бақылайтын жергілікті аралас комиссияның ресми хабарына қа- рағанда, француз одағының Индо- Қы- тайдағы қарулы күштері өзінің әскерле- рін Фу-Сиең және Сон-Тай қалаларынан 3 августа, Фу- Ланг- Туонгтен 4 август- та, Бак -Нинь және Дап- Каудан 7 август- та, Дьен- Ен мен Хай Ниньен 9 август- та әкетеді.

Бұл хабарда, француз одағының Индо- Қытайдағы қарулы күштері 31 июльде өз әскерлерін Вин- Ен қаласынан әкетті, ал, Хуиң-Ен қаласынан және Солтүстік Вьетнамның басқа да бірсыпыра аудандарынан әкетіп жатыр, делінген.

## АҚШ. ВЕЛИКОБРИТАНИЯ ЖӘНЕ ДАНИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰПИЯ КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ «НЕЙЕС ДЕЙЧЛАНД» ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

БЕРЛИН, 3 август. (СОТА). «Нейес дейчланд» газеті бүгін АДН агенттігінің Лонейтагеннен берген хабарын жарияла- ды, онда былай делінген:

Данияның сыртқы істер министрлігіне жақын топтар Данияның соғыс базалары- на американы және ағылшын соғыс аянда- нысын орналастыру туралы Дания, Құ- рама Штаттар және Великобритания ар- сында құпия келісім жасалды және ол көздің өзінде күшіне енді, деп хабар- лауда.

## ВЬЕТНАМ ХАЛҚЫ ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ БІТІМ ТУРАЛЫ ЖЕНЕВА КЕЛІСІМІН ҚҰТТЫҚТАУДА

ШАНХАЙ, 3 август. (СОТА). Вьетнам



өсіру оңай іс болмады.

—Бұл арада саялы ағаштар өсіріп, парк жасау міндетін өзіме аламын, — деді өлкенің қарт мичуриншісі Дмитрий Торбеевич Понкратьев қалалық Советтің мәжілісінде. —Маған тек жастардың көмегі қажет болады.

Бағбан өзінің уәдесін орындап шықты. Кәзір бұрынғы базар алаңында сұнғақ өскен үйеңкінің, шегіріннің жасыл жапырақтары сылдыр қағады, Алтай академиясы, жыңғыл, шетен қалың болып өсті. Орманшы Д. Мель өткен жылы мұнда Алтайдың балқарағайын отырғызды. Қаланың бұл тамаша көгалды мүйісі Сергей Миронович Кировтың есімімен аталады, С. М. Кировтың қола ескерткіші орнатылған гранит тұрғырды қоршай гүл алаңы орналасқан.

Өскемен жыл санап бауға ұқсап келеді. Бесінші бесжылдықтың басында қаланың Ульба жағындағы бөлегінде мырыш заводына жақын жерде ғана ағаштар өсетін. Ал кәзір көптеген көшелерге көпжылдық ағаштар сән беріп, көптеген үйлердің жанында өсіп тұр. Тауу болашақта қаланың өзен жағасы түгелімен үлкен паркке айналдырылады. Облыс орталығына жақын орналасқан Ертістегі аралдар парк ағаштарына бөленеді.

## Пионер үйі оқушылардың жазғы демалысы кезінде

Оқушылардың жазғы демалысы кезінде Пионерлер үйі оқушылардың демалысын көңілді өткізу жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. 6 июльде балалар паркі ашылды. Онда Пионерлер үйі көркемөнерпаздарының күшімен концерт берілді. Бұл күні оқушылар «Қызыл галстук» «Тимур және оның командасы» атты фильмдерді көрді, қуыршақ театрының ойынын көрді.

Жазғы маусым басталғаннан кейін біз барлық жұмысты балалар кітапханасымен және қалалық пионер лагерімен бірлесіп отырып жүргіздік. Жазғы маусымда паркте балет, қолөнері, музыка аспаптары, сурет салу үйірмелері жұмыс істеді. Оқушы балаларға арналған «Барто және Маршак-балаларға» деген тақырыпта таңертеңгілік өткізілді, 6 рет дауыстап кітап оқылды. Орыстың ұлы жазушысы А.П. Чеховтың қайтыс болуына 50 жыл толуына арналған таңертеңгілік ұйымдастырылды, июльде «Ильичтің балалық шағы және мектепте оқыған жылдары» деген тақырыпта кітап оқушылар конференциясы өткізілді.

Жазғы маусымда гимнастика, футбол, волейбол және атқыштар секциялары жұмыс істеді, оларға 69 пионер қатысты. Барлық секциялардың жұмысы балалар паркіндегі спорт алаңында жүргізілді. Гимнастика секциясына қатысушы 14 бала жазғы спорттың түрлері бойынша БГТО значогіне норма тапсырды. Футбол және волейбол секциялары қалалық пионерлер лагері мен «Пестрое» балалар лагери командаларының алты рет жолдастық кездесуін ұйымдастырды. Физкультура үйірмесінің қатардағы құрамы лагердің ашылуына арналған жарысқа қатысты.

саны қаланың бүкіл екі ғасырлық тарихында салынған тұрғын үйлердің санынан едәуір көп. Быйыл Өскеменде бес қабатты тұрғын үйлер салына бастады. Республикадағы аса ірі ауруханалар қалашығының, металлургтердің мәдениет сарайының, басқа да ондаған объектілердің құрылысы аяқталуға жақын. Мамандар Ульба өзені арқылы салынатын темір-бетон көпірдің жобасын жасап жатыр. Бұл көпір қалада трамвай қатынасын жылға қоюға мүмкіндік береді. Жаңа үйлердің, облыстық кітапхананың, геологиялық музейдің жобалары әзірленуде. Геологиялық музейге Алтай рудалары мен минералдарының үлгілері қойылатын болады. Мұнымен қатар байланыс үйінің, орталық универмагтің, кен металлургия институтының жобалары жасалуда.

Өскемен қаласы көркейіп, барған сайын өсіп келеді. Шалғай орналасқан ешбір ерекшелігі жоқ Өскеменді совет адамдары бүкіл елімізге белгілі түсті металлургия орталығына айналдырды. Кәзір ол мырыштың, қорғасынның және электрдің қаласы деп орынды атала алады.

Жазғы маусым ішінде үйірме мүшелері аэродромға, баспаханаға, Есіл өзеніне және «Пестрое» көліне экскурсияларға барды.

Июль айы ішінде ертегілер күні өткізілді. № 47-ші балалар мектебі көркемөнерпаздарының күшімен «Кыйсық айналар корольдігі» деген шпеса қойып көрсетілді. Оны 600-ге жуық адам көрді. Оқушылар қуыршақ театрының «Иван-шаруа-ұлы», «Маша және аю» деген ойындарын көрді, пионерлер мен мектеп оқушыларының олимпиадасына қатысты. Сонымен бірге оқушылар төртін және тазалық сақтау тақырыптарына әңгімелер тыңдады.

Пионерлер үйінің авиомодель үйірмесі облыстық жарысқа қатысып, онда бірінші орынды жеңіп алды, ал, республикалық жарыста олар төртінші орынға ие болды.

Біз оқушылардың жазғы демалысын көңілді, мәдениетті өткізуге күш жұмсай отырып, қысқы маусымға алдын-ала ойлағдай әзірленуге де зор көңіл бөлдік. Кәзір пионерлер үйі жөндеу жұмыстарын жүргізудеміз. Бұл жұмысты да дерезінде аяқтап, қысқы маусымда пионерлер үйінің біржылдық жұмыс істеуін қамтамасыз ететін боламыз.

**Р. КАЛИБЕРДА,**

Пионерлер үйінің директоры.

беруден қалыс қалған.

### «СОВЕТ НОТАСЫН ЕЛЕУСІЗ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ»

БЕРЛИН, 31 июль. (СОТА). Батыс Германияның ДНА агенттігінің хабарына қарағанда, Бундестагтің вице-председателі Карло Шмид (Германияның социал-демократиялық партиясы) 24 июльдегі совет нотасын елеусіз қалдыруға болмайды, деп кеше тағы да атап көрсеткен. Мюнхенде сөз сөйлеп, Шмид былай деп мәлімдеген: Берлин кеңесі Женеваға жеткізді, ал Женева кеңесі жаңа келіссөздер жүргізілуіне жеткізуі тиіс. Қайта қосылған Германия, деп атап көрсеткен ол, төрт держава үшін саяси немесе соғыс қаупі болып көрінбеуге тиіс.

### МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ ТУНИСКЕ БАРУЫ

ПАРИЖ, 31 июль. (СОТА). Францияның Министрлер советінің председателі Мендес-Франс Марокко мен Тунис істері жөніндегі министр Кристиан Фушемен және маршал Жюэнмен бірге бүгін Туниске келді. Бұл сапардың мақсаты — кеше француз үкметі мақұлдаған реформалардың жоспарын бейге хабарлау.

Мендес-Франс келісімен бейге барып, оған реформалардың француздық жоспарының мәнін баяндайтын мәлімдеме тапсырды.

ПАРИЖ, 1 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Францияның Министрлер советінің председателі Мендес-Франс кеше Тунистен Парижге самолетпен ұшып кетті, деп хабарлады.

### БЕЛЬГИЯДА ЖАСАЛҒАН СОВЕТ ТЕПЛОХОДЫНДА САЛТАНАТПЕН ЖАЛАУ КӨТЕРУ

БРЮССЕЛЬ, 1 август. (СОТА). Кеше Тамиз қаласындағы (Шығыс Фландрия провинциясы) Белгия кеме жасау верфинде «Боель фирмасының Совет Одағына арнап жасаған жаңа «Николай Некрасов» теплоходында салтанатпен жалау көтерілді. Жалау көтеру кезінде ССРО-ның Бельгиядағы елшісі В. И. Авиллов, ССРО сауда өкілі В. И. Роднов, фирма өкілдері және кеме жасаушылар болды. Фирма директоры Ван Бриль мен ССРО елшісі Авиллов сөз сөйледі.

«Николай Некрасов» теплоходы бүгін ССРО-ның Бельгиядан сатып алған товар жүгін тиіс өзінің бірінші сапарына, — совет портына шығады.

### ГОЛЛАНДИЯДА ССРО-ҒА АРНАП САУДА КЕМЕЛЕРІН ЖАСАУ

ГААГА, 1 август. (СОТА). 31 июльде Амстердамда Голландияның «Версхюре» фирмасының Совет Одағына арнап жасал жатқан бір типті бес кемесінің алғашқысы — рефрижераторлық «Светлогорск» кемесі суға түсірілді. Мұнымен қатар екінші кеме жасала бастады.

### ЛИСЫНМАНДЫҚ ТОПТЫҢ КӨРСЕТКІШІ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА ӘРЕКЕТІ

НЬЮ-Йорк, 2 август. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің Сеулдегі тілшісінің хабар еткеніндей, кеше түнде Кореяның Батыс жағалауындағы Куньсан қаласында уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссияның инспекциялық тобы орналасқан үйге 3 бомба тасталған. Бір бомба жарылған, бірақ ешқандай шығын болмаған. Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің

мәлімдеуіндей бұл оқиғаның, сол сияқты 31 июль күні Пусан қаласында инспекциялық топтың чехословактық мүшелеріне жасалған қарулы шабуылы және басқа да бүлдірушілік актілер Ли Сын Манның уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссияның инспекциялық топтарын Оңтүстік Кореядан кетуін «талап етуін атап көрсету мәдесатымен жасалған».

информациялық агенттігінің хабар еткеніндей, Вьетнам біріккен Ұлттық майданы ұлттық комитеті мен бейбітшіліксіз сақтау комитетінің кедейтілген мәжілісі болып, онда Вьетнамның түрлі саяси партиялары мен көпшілік ұйымдарының өкілдері өздерінің Индо-Қытайда соғысты тоқтату жөніндегі келісімді қолдайтынын мәлімдеген.

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заңының

(1953 жыл шығуы)

### 1-ұтыс тиражының ТАБЛИЦАСЫ

Тираж 1954 жылғы 25 июльде Ижевск қаласында өткізілді. Заңның барлық разрядындағы облигациялар мен сериялардың мына нөмерлеріне ұтыс шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
140139	1—50	200	145791	21*)	1.000	151142	1—50	200	155390	1—50	200
140207	30*)	1.000	145931	1—50	200	151259	1—50	200	155479	1—50	200
140241	06*)	5.000	145963	1—50	200	151288	1—50	200	155485	1—50	200
140256	1—50	200	146204	16*)	1.000	151548	1—50	200	155783	1—50	200
140495	1—50	200	146486	45*)	1.000	151608	1—50	200	155807	1—50	200
140678	1—50	200	146490	1—50	200	151611	1—50	200	155834	13*)	1.000
140834	1—50	500	146508	1—50	200	151704	31*)	1.000	155909	1—50	200
140864	1—50	200	146565	06*)	1.000	151805	1—50	200	155992	1—50	200
140900	1—50	200	146609	11*)	1.000	151891	1—50	200	156121	1—50	200
141388	1—50	200	146661	18*)	5.000	151976	41*)	1.000	156125	31*)	1.000
141441	1—50	200	146689	41*)	5.000	152003	1—50	200	156149	1—50	200
141547	1—50	200	146743	1—50	200	152111	07*)	1.000	156218	1—50	200
141614	1—50	200	146761	1—50	200	152187	1—50	200	156223	1—50	200
141750	1—50	200	146767	22*)	1.000	152225	1—50	500	156387	10*)	1.000
141785	1—50	200	146809	1—50	200	152233	37*)	1.000	156501	1—50	200
141810	1—50	200	146946	1—50	200	152285	1—50	500	156540	47*)	1.000
141987	10*)	1.000	147057	1—50	200	152327	28*)	5.000	156551	1—50	200
142236	40*)	1.000	147564	1—50	200	152398	1—50	200	156631	1—50	200
142423	1—50	500	147605	1—50	200	152670	1—50	200	156779	1—50	200
142765	1—50	200	147694	24*)	1.000	152730	41*)	1.000	156875	42*)	1.000
142939	1—50	200	147748	09*)	5.000	152982	1—50	200	156899	1—50	200
143105	06*)	1.000	147983	33*)	1.000	153161	1—50	200	156956	1—50	200
143109	29*)	10.000	148030	1—50	200	153224	1—50	500	156969	06*)	1.000
143588	1—50	200	148491	1—50	200	153266	28*)	1.000	157066	1—50	200
143601	37*)	5.000	148817	1—50	200	153290	1—50	200	157129	41*)	1.000
143914	22*)	1.000	148963	1—50	200	153431	10*)	5.000	157151	1—50	200
143922	1—50	200	148990	1—50	200	153514	39*)	1.000	157409	1—50	200
144091	17*)	1.000	149130	31*)	1.000	153554	1—50	200	157448	40*)	1.000
144123	1—50	200	149347	12*)	1.000	153687	1—50	500	157492	25*)	1.000
144193	18*)	1.000	149510	31*)	1.000	153709	37*)	1.000	157807	38*)	1.000
144216	1—50	200	149757	1—50	500	154011	06*)	5.000	157942	1—50	200
144333	1—50	200	149802	1—50	200	154035	1—50	200	158065	1—50	200
144337	1—50	200	149833	1—50	200	154059	1—50	200	158115	1—50	200
144611	1—50	200	149883	08*)	1.000	154149	1—50	200	158179	1—50	200
144800	28*)	1.000	149898	1—50	200	154230	36*)	1.000	158212	1—50	200
145060	36*)	1.000	149961	1—50	200	154349	1—50	500	158698	1—50	200
145076	1—50	200	150118	10*)	1.000	154418	02*)	1.000	158890	1—50	500
145125	1—50	200	150208	1—50	200	154429	09*)	1.000	158910	1—50	200
145172	1—50	200	150457	33*)	1.000	154453	1—50	200	158923	38*)	1.000
145355	1—50	200	150822	12*)	1.000	154483	29*)	1.000	159142	1—50	200
145427	1—50	200	150833	1—50	200	154707	1—50	200	159651	41*)	5.000
145628	1—50	200	150866	44*)	1.000	154894	21*)	1.000	159775	1—50	200
145685	1—50	200	150905	21*)	5.000	155072	1—50	500	159959	1—50	200
145786	03*)	1.000	150933	1—50	200	155251	1—50	200			

\*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

Петропавлдың ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумында сабақ беру үшін ауыл шаруашылығының инженер-механизаторлары және математика, орыс тілі мен әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдер керек. Адрес: Петропавл қаласы, ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы.

«Комсомолка» тігін фабрикасына мамандарды орналастыру үшін пәтер КЕРЕК. Пәтерге үй беремін, деушілердің фабриканың кадр бөліміне келіп жолығулары сұралады.

## Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА  
«КОНСТАНТИН ЗАСЛОНОВ»  
Сағат 4-30-да басталады.  
«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА  
«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»  
Сағат 4-30, 6-30, 8-30-да басталады.

Петропавл қаласы, Лермонтов көшесі, 29-үйде тұрушы Тимофей Афанасьевич Черноусов Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Иванов-Петровка селолық Советіндегі Ақтерек селосында тұрушы Александра Тарасовна Черноусовадан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Октябрь алаңы, 6-үйде тұрушы Иван Макарович Ивання Петропавл қаласы, Октябрь алаңы, 6-үйде тұрушы Анна Ивановна Иваньядан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сойлесуге болады.